5 сынып: Инварианттық компонент: қазақ тілі-3, қазақ әдебиеті-2, орыс тілі мен әдебиеті-3, ағылшын тілі-3, математика-5, информатика-1, жаратылыстану-2, Қазақстан тарихы-2, дүниежүзі тарихы-1, музыка-1, көркем еңбек-2, дене шынықтыру-3. Барлығы: 28 сағат.

6 сынып: Инварианттық компонент: қазақ тілі-3, қазақ әдебиеті-2, орыс тілі мен әдебиеті-3, ағылшын тілі-3, математика-5, информатика-1, жаратылыстану-2, Қазақстан тарихы-2, дүниежүзі тарихы-1, музыка-1, көркем еңбек-2, дене шынықтыру-3. Барлығы: 28 сағат;

7 сынып: Инварианттық компонент: қазақ тілі-3, қазақ әдебиеті-2, орыс тілі мен әдебиеті-3, ағылшын тілі-3, алгебра-3, геометрия-2, информатика-1, биология-2, физика-2, химия-1, география-2, Қазақстан тарихы-2, дүниежүзі тарихы-1, көркем еңбек-1, дене шынықтыру-3. Барлығы: 31 сағат.

8 сынып: Инварианттық компонент: қазақ тілі-2, қазақ әдебиеті-3, орыс тілі мен әдебиеті-3, ағылшын тілі-3, алгебра-3, геометрия-2, информатика-1, биология-2, физика-2, химия-2, география-2, Қазақстан тарихы-2, дүниежүзі тарихы-1, көркем еңбек-1, дене шынықтыру-3. Барлығы: 32 сағат.

2023-2024 оқу жылы

2-4 сынып: 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде бастауыш білім беруді ұйымдастыру «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-

ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы, 23.09.2022 ж.№ 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен) 1,2-қосымша бойынша жүзеге асырылады.

5-9 сынып: 2023-2024 оқу жылында республиканың жалпы білім беретін мектептерінде бастауыш білім беруді ұйымдастыру «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы, 23.09.2022 ж.№ 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен) 6,7,8- қосымша бойынша жүзеге асырылады

5-9 сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бағдарламамен оқытылады.

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндері 5-9 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі №334 бұйрығы негізінде оқытылды.

Негізгі орта білім берудің жұмыс оқу жоспары мектеп және оқушы компоненттерінен тұратын инвариантты компонентті (базалық) және вариативті компонентті қамтиды.

2 сынып: Инварианттық компоненттен: қазақ тілі-4, әдебиеттік оқу-3, орыс тілі-2, математика-4, цифрлық сауаттылық-1, жаратылыстану-1, дүниетану-1, еңбекке баулу-1, бейнелеу өнері-1, музыка-1, денешынықтыру-3. Барлығы: 22 сағат.

3 сынып: Инварианттық компоненттен: қазақ тілі-4, әдебиеттік оқу-3, орыс тілі-2, ағылшын тілі-2, математика-5, цифрлық сауаттылық-1, жаратылыстану-2, дүниетану-1, көркем еңбек-1, музыка-1, денешынықтыру-3. Барлығы: 25 сағат.

4 сынып: Инварианттық компоненттен: қазақ тілі-4, әдебиеттік оқу-3, орыс тілі-2, ағылшын тілі-2, математика-5, цифрлық сауаттылық-1, жаратылыстану-2, дүниетану-1, көркем еңбек-1, музыка-1, денешынықтыру-3. Барлығы: 25 сағат.

5 сынып: Инварианттық компонент: қазақ тілі-3, қазақ әдебиеті-2, орыс тілі мен әдебиеті-3, ағылшын тілі-3, математика-5, информатика-1, жаратылыстану-2, Қазақстан тарихы-2, дүниежүзі тарихы-1, музыка-1, көркем еңбек-2, дене шынықтыру-3. Барлығы: 28 сағат.

6 сынып: Инварианттық компонент: қазақ тілі-3, қазақ әдебиеті-2, орыс тілі мен әдебиеті-3, ағылшын тілі-3, математика-5, информатика-1, жаратылыстану-2, Қазақстан тарихы-2, дүниежүзі тарихы-1, музыка-1, көркем еңбек-2, дене шынықтыру-3. Барлығы: 28 сағат.

7 сынып: Инварианттық компонент: қазақ тілі-3, қазақ әдебиеті-2, орыс тілі мен әдебиеті-3, ағылшын тілі-3, алгебра-3, геометрия-2, информатика-1, биология-2, физика-2, химия-1, география-2, Қазақстан тарихы-2, дүниежүзі тарихы-1, көркем еңбек-1, дене шынықтыру-3. Барлығы: 31 сағат.

8 сынып: Инварианттық компонент: қазақ тілі-2, қазақ әдебиеті-3, орыс тілі мен әдебиеті-3, ағылшын тілі-3, алгебра-3, геометрия-2, информатика-1, биология-2, физика-2, химия-2, география-2, Қазақстан тарихы-2, дүниежүзі тарихы-1, көркем еңбек-1, дене шынықтыру-3. Барлығы: 32 сағат.

9 сынып: Инварианттық компонент: қазақ тілі-2, қазақ әдебиеті-3, орыс тілі мен әдебиеті-3, ағылшын тілі-3, алгебра-3, геометрия-2, информатика-1, биология-2, физика-2, химия-2, география-2, Қазақстан тарихы-2, дүниежүзі тарихы-1, құқық негіздері-1, көркем еңбек-1, дене шынықтыру-3. Барлығы: 33 сағат.

2024-2025 оқу жылы

1-4 сынып: 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде бастауыш білім беруді ұйымдастыру «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы

Оқу-ағарту министрінің «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 08.02.2024ж№ 27 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар 1-қосымша бойынша жүзеге асырылады.

5-9сынып: 2024-2025 оқу жылында республиканың жалпы білім беретін мектептерінде бастауыш білім беруді ұйымдастыру «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 26.10.2023 ж № 323 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар 6-қосымша бойынша жүзеге асырылады

1сынып: Инварианттық компоненттен: Әліппе/Ана тілі-6, математика-4, цифрлық сауаттылық-0,5, жаратылыстану-1, дүниетану-1, еңбекке баулу-1, бейнелеу өнері-1, музыка-1, дене шынықтыру-3. Барлығы: 18,5 сағат;

2 сынып: Инварианттық компоненттен: қазақ тілі-4, әдебиеттік оқу-3, орыс тілі-2,математика-4, цифрлық сауаттылық-1, жаратылыстану-1, дүниетану-1, еңбекке баулу-1, бейнелеу өнері-1, музыка-1, денешынықтыру-3. Барлығы: 22 сағат.

3 сынып: Инварианттық компоненттен: қазақ тілі-4, әдебиеттік оқу-3, орыс тілі-2, ағылшын тілі-2, математика-5, цифрлық сауаттылық-1, жаратылыстану-1, дүниетану-1, еңбекке баулу-1, бейнелеу өнері-1, музыка-1, дене шынықтыру-3. Барлығы: 25 сағат.

4 сынып: Инварианттық компоненттен: қазақ тілі-4, әдебиеттік оқу-3, орыс тілі-2, ағылшын тілі-2, математика-5, цифрлық сауаттылық-1, жаратылыстану-2, дүниетану-1, көркем еңбек-1, музыка-1, денешынықтыру-3. Барлығы: 25 сағат.

5 сынып: Инварианттық компонент: қазақ тілі-3, қазақ әдебиеті-2, орыс тілі мен әдебиеті-3, ағылшын тілі-3, математика-5, информатика-1, жаратылыстану-2, Қазақстан тарихы-2, дүниежүзі тарихы-1, музыка-1, көркем еңбек-2, дене шынықтыру-3. Барлығы: 28 сағат.

6 сынып: Инварианттық компонент: қазақ тілі-3, қазақ әдебиеті-2, орыс тілі мен әдебиеті-3, ағылшын тілі-3, математика-5, информатика-1, жаратылыстану-2, Қазақстан тарихы-2, дүниежүзі тарихы-1, музыка-1, көркем еңбек-2, дене шынықтыру-3. Барлығы: 28 сағат.

7 сынып: Инварианттық компонент: қазақ тілі-3, қазақ әдебиеті-2, орыс тілі мен әдебиеті-3, ағылшын тілі-3, алгебра-3, геометрия-2, информатика-1, биология-2, физика-2, химия-1, география-2, Қазақстан тарихы-2, дүниежүзі тарихы-1, көркем еңбек-1, дене шынықтыру-3.Барлығы: 31 сағат.

8 сынып: Инварианттық компонент: қазақ тілі-2, қазақ әдебиеті-3, орыс тілі мен әдебиеті-3, ағылшын тілі-3, алгебра-3, геометрия-2, информатика-1, биология-2, физика-2, химия-2, география-2, Қазақстан тарихы-2, дүниежүзі тарихы-1, көркем еңбек-1, дене шынықтыру-3. Барлығы: 32 сағат.

9 сынып: Инварианттық компонент: қазақ тілі-2, қазақ әдебиеті-3, орыс тілі мен әдебиеті-3, ағылшын тілі-3, алгебра-3, геометрия-2, информатика-1, биология-2, физика-2, химия-2, география-2, Қазақстан тарихы-2, дүниежүзі тарихы-1, құқық негіздері-1, көркем еңбек-1, дене шынықтыру-3. Барлығы: 33 сағат.

ГОСО-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компонентті таңдау бойынша курстарды және факультативтерді іске асыру (бағаланатын кезеңдегі вариативті компоненттің сабақ кестелерінің көшірмелері, соның ішінде зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі). Оқу жоспарының вариативтік бөлігі ГОСО-ға сәйкес қаралады және білім алушылардың білім алу қажеттіліктері мен қабілеттерін ескере отырып, жалпы білім беру ұйымы айқындайтын оқу пәндері мен курстардың жиынтығын көздейді.

Вариативті курстардың бағдарламалары жыл сайын тамыз айында болатын әдістеме бірлестігінің отырысында келісіліп педагогикалық кеңесте қаралып директормен бекітіліп отырады.

"Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" негізінде вариативті компонент сағаттары бастауыш сыныптарда және 5-8 сыныптарда негізгі сабақ кестесіне сабақтардың саны барынша аз күндерге қойылды, факультативтік сабақтар үшін сабақ кестесі 2022-2023 оқу жылдары инвариантты сабақтармен бірге жасалды.

2023-2024 оқу жылы бойынша Күнделік.кз жүйесінде қосымша білім беру ҚББ бөлімінде сабақ журналдары орналастырылған. Пән мұғалімдері күнтізбелік жоспарларын, сағат сандарын, журналды жүргізу бөлімдерін 100% толтырған.

2024-2025 оқу жылы бойынша Күнделік.кз жүйесінде қосымша білім беру ҚББ бөлімінде сабақ журналдары орналастырылған. Пән мұғалімдері күнтізбелік жоспарларын, сағат сандарын, журналды жүргізу бөлімдерін 100% толтырған.

2024-2025 оқу жылы бастауыш сынып мұғалімі Анапина С.Е. 1-сынып және 4-сыныпта сабақ жүргізуіне байланысты бірінші сабақтарын 1-сынып оқушыларына өткізіп, олардың сабақтарынан кейін 4-сынып оқушыларына сабақ жүргізеді. Осыған орай қоңырау кестесі тиісті уақыты қойылып жасалған (қоңырау кестесі қосымша берілген).

2022-2023 оқу жылында жүргізілген вариативті сағаттар

Оқу жылы	Сыныбы	Пән мұғалімі	Вариативтік пәннің аталуы	Курстың мақсаты	Сағат саны	
					аптасына	жылына
2022-2023 ж	1	Мағзумова Р.Б.	«Тоғызқұмалақ»	Оқушылардың ұлттық дүниетанымын кеңейтетін, шығармашылық ойлауға төселдіретін, айналадағы адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауды үйрететін, оны тұлға ретінде әлеуметтендіруге мүмкіндік беретін қазақ тілінің танымдық, қатысымдық және кумулятивтік қызметтерін меңгерту;	1	35
	2	Анапина С.Е.	«Математикалық сауаттылық»	Оқушылардың логикалық ойлауға төселдіретін, айналадағы күрделі есептерді ойша шығаруға дағдыландырып, математикалық амалдарды жылдамдықпен шығаруды меңгерту;	1	36
	3	Асылбекова а.Е.	«Математикалық сауаттылық»	Оқушылардың жылдамдықпен, әртүрлі тәсілдерді пайдалана отырып, есептерді шығаруға төселдіретін, оны тұлға ретінде әлеуметтендіруге мүмкіндік беретін қазақ тілінің танымдық,	1	36

				қатысымдық және кумулятивтік қызметтерін меңгерту;		
	4	Анапин Б.К.	«Домбыра үйрену»	Оқушылардың таным қызметін дамыту және тарихи сананы қалыптастыру. Қазақстанның тарихы мен көрікті жерлерін тереңірек білу. Табиғатын және де көрікті жерлері туралы ел ішіндегі аңыз оқиғаларды зерттей білуге. Қосымша материалдар іздеп оқуға, терең зерттеуіне, үздіксіз жұмыс істеуге жол ашу.	1	36
	5-6	Тулеген Б.Т.	«Жаһандық құзыреттілік»	«Өмір қауіпсіздігі»юниті адам өмірі мен денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, даралықты, жеке өмірге қол сұқпау және құпиялық құқығын сақтауға, қорқыту мен зорлық-зомбылықтан қорғану, адам өмірін сақтап қалу жолдарымен танысуға бағытталған.	0,5	18
	7-8	Салимжанова А.Ж.	«Жаһандық құзыреттілік»	«Өмір қауіпсіздігі»юниті адам өмірі мен денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, даралықты, жеке өмірге қол сұқпау және құпиялық құқығын сақтауға, қорқыту мен зорлық-зомбылықтан қорғану, адам өмірін сақтап қалу жолдарымен танысуға бағытталған.	0,5	18

2023-2024 оқу жылында жүргізілген вариативті сағаттар:

Оқу жылы	Сыныбы	Пән мұғалімі	Вариативтік пәннің аталуы	Курстың мақсаты	сағат саны	
					аптасына	жылына
	2	Мағзумова Р.Б.	«Математика өмірде»	Курс мақсаты:5-7 жастағы баланың абстрактілі ойлау деңгейі-дәстүрден тыс және қызықты тапсырмаларды орындауға қажетті логикалық пайымдаулар құру, ой қорытуды жүргізе алу біліктерін қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізуге	1	34

				мүмкіндік береді. Сондықтан бірінші сыныпқа арналған «Математикалық сауаттылық» арнайы курс бағдарламасы осы ерекшеліктерді есепке ала отырып құрылған.		
2023-2024 ж	3		«Математикалық сауаттылық»	Курс мақсаты: бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытуға жағдай жасайтын, баланы іздемпіздыққа, өз-өзіне сенімді болуға, ақыл-ой деңгейін қалыптастыруға бағытталған материалдар қамтылған. Сонымен қатар күнделікті өмірде пайдалана білуге негізделген тапсырмалар топтамаларымен жұмыстар жүргізу, логикалық тапсырмалар орындату арқылы оқушының зейінін, есте сақтау қабілетін, байқағыштығын, тапқырлығын дамытуға, математикалық білімдерін нығайтуға арналған.	1	34
	4		«Логика»	Математикалық викториналар, ребустар, логикалық есептер, математикалық эстафеталар, сөзжұмбақтар шешу, қызықты тапсырмалар құрастыру баланың ойын ұштай түсіп, ұстамдылыққа, еңбектене білуге тәрбиелейді. Оқушының қиялын дамытып, өз бетімен жұмыс істеуге икемдейді.	1	34
	2	Анапина С.Е.	«Көркем жазу»	Оқушыларды көркем жазу, сауатты жазу, каллиграфиясын сағтай отырып жазуға дағдыландыру	1	34
	5-6	Тулеген Б.Т.	«Жаһандық құзыреттер» «Жаһандық құзыреттер»	Парасаттылық және әдеп» юниті білім алушылардың бойында әдептілік, тілектестік, адалдық, толеранттылық, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік, ұжымда жұмыс істей білу және мінез-құлық мәдениетінің жоғары стандарттарын білдіретін жеке қасиеттерін дамытуға ықпал етеді.	0,5	17
	7			«Азаматтылық және патриотизм» юниті қазақстандық қоғамның бірдей кодын және мемлекеттілікті құрметтеуді, азаматтық ұстаным мен жауапкершілікті қалыптастыруды, адамдардың қоғамдағы өзара қарым-қатынасын, отбасындағы өзара көмекті, халықаралық сананы қалыптастыруды насихаттайды.	0,5	17

	8	Тулеген Б.Т.	«Жаһандық құзыреттер»	«Медиа және қаржылық сауаттылық»юнитінде медиакеңестік және қаржылық сауаттылықтың негізгі ұғымдарымен және заңдылықтарымен танысады. Қоғамда белсенді өмір сүріп, әлеуметтену үшін қажетті дағды түрлерін қарастырып, ақпаратты талдау, бағалауды дамытады. Білім алушылар ақпаратпен жұмыс істеуге, материалдарды бағалауға, талдауға, жалған мәлімет пен насихатты ажырата білуге үйренеді. Қаржылық сауаттылық туралы білімдері кеңейіп, сауаттылық неден басталатыны, еңбегі арқылы жетістікке жеткен адамдар туралы ақпарат жинақтап, отбасылық бюджетті қалай үнемдеуге болатыны туралы өмірмен байланысты білімдерін дамытады. Білім алушылар қаржылық сауаттылықты жеке қаржылық әлауқатқа жету құралы ретінде пайдалану арқылы әлемдік экономикалық кеңістікке кірігеді.	0,5	17
	9	Тулеген Б.Т.	«Жаһандық құзыреттер»	«Өмір қауіпсіздігі»юниті адам өмірі мен денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, даралықты, жеке өмірге қол сұқпау және құпиялық құқығын сақтауға, қорқыту мен зорлық-зомбылықтан қорғану, адам өмірін сақтап қалу жолдарымен танысуға бағытталған.	0,5	17

2024-2025 оқу жылында жүргізілген вариативті сағаттар:

Оқу жылы	Сыныбы	Пән мұғалімі	Вариативтік пәннің аталуы	Курстың мақсаты	сағат саны	
					аптасына	жылына
2025 ж	1	Анапина С.Е.	«Шахмат»	Курс мақсаты: шахмат арқылы шығармашыл, дарынды жеке тұлға жетілдіругежағдай жасау	1	34
	4		«Шешендік сөз өнері»	Курс мақсаты: Абай шығармаларын мектеп оқушыларына жан-жақты түсіндіріп, сабақ барысында практика жүзінде көрсете отырып, тұлға қалыптастыру	1	34

	2	Магзумова Р.Б.	«Логикалық есептер»	Курс мақсаты: математикалық білім, білік және дағдыны игеру; математика курсының мазмұны арқылы танымдық және коммуникативтік іс - әрекет пен өздігінен білім алуға және еңбекке бейімделу, сондай - ақ ата - дәстүр, әдет - ғұрып, салт - сана, халықтық және ұлттық болмысты дүниежүзілік мәдени мұралармен үндестіру арқылы баланы тұлға ретінде қалыптастыру; оқушының ақыл - ойының математикалық стилін, интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты сапаларын дамыта түсу; мектептің негізгі сатысында оқуға, меңгерген математикалық білімдерін өмірде қолдануға жан - жақты дайындалуды жүзеге асыру.	1	34
	2		«Қызықты грамматика»	Курс мақсаты: Оқушылардың қазақ тілі пәнінен алған білімдерін жетілдіре отырып, тіл байлықтарын, өз ойларын нақты, терең мағыналы әрі көркем жеткізе білу дағдыларын дамыту. Басқалармен тең құқылы білім алуға мүмкіндік жасау. Өзіне сенімді, мәдениетті тұлға тәрбиелеу. Сонымен қатар, даму мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың ауызша және жазбаша тілін дамыту. Олардың білімге деген құштарлығын, еңбек сүйгіштігін, орындалатын жұмысқа деген жауапкершілігін арттыру, қиындықтарды жеңе білуге баулу	1	34
	3	Асылбекова А.Е.	«Қызықты математика»	Курс мақсаты: Оқушыларға білім, білік дағдыларын игерту; шығармашылық қабілеттерін арттыру; зейін, еске сақтау, байқағыштық, қиялдау, өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу; шапшаң есептеу қабілеттерін дамытуға тәрбиелеу	1	34
	5	Асылбекова А.Е.	«Жаһандық құзыреттер»	Курстың мақсаты: бәсекеге қабілетті, мінез-құлық мәдениетінің стандартына сәйкес келетін және жаһандық құзыреттерге ие тұлғаны қалыптастыру	0,5	17
	6		«Жаһандық құзыреттер»	Курстың мақсаты: бәсекеге қабілетті, мінез-құлық мәдениетінің стандартына сәйкес келетін және жаһандық құзыреттерге ие тұлғаны	0,5	17

			қалыптастыру		
	7		«Жаһандық құзыреттер» Курстың мақсаты: бәсекеге қабілетті, мінез-құлық мәдениетінің стандартына сәйкес келетін және жаһандық құзыреттерге ие тұлғаны қалыптастыру	0,5	17
	8		«Жаһандық құзыреттер» Курстың мақсаты: бәсекеге қабілетті, мінез-құлық мәдениетінің стандартына сәйкес келетін және жаһандық құзыреттерге ие тұлғаны қалыптастыру	0,5	17
	9		«Жаһандық құзыреттер» Курстың мақсаты: бәсекеге қабілетті, мінез-құлық мәдениетінің стандартына сәйкес келетін және жаһандық құзыреттерге ие тұлғаны қалыптастыру	1	34

Вариативті компоненттің сағаттары оқушылардың мүдделерін ескере отырып бөлінді және оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға, зерттеу жұмыстарын жүргізуге және т.б. бағытталған, ал бітіру сыныптарында – қорытынды аттестаттауға және 10-11-сыныптарда немесе колледждерде білім алуды жалғастыру үшін оқушыларға қолдау көрсетуге негізделген. Сабақ кестесінде сыныптар бойынша апталық сабақтардың ең көп саны ҚР МЖБМС талаптарын бұзбайды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік және оқу бағдарламаларына (бұдан әрі–ББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инварианттық компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2022-2023,2023-2024, 2024-2025 оқу жылында инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру "Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады (2020.11.27 №496, 2021.03.26 №576, 2021.03.26 №123). 08.04.2016 жылғы №266, 10.05.2018 жылғы №199, 17.10.2018жылғы.

2-4 сыныптар 2023-2024 оқу жылында республикадағы жалпы білім беретін мектептердегі бастауыш білім беру процесін ұйымдастыру ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» №115 бұйрығына енгізілген «Әліппе» ҚР БҒМ 2021 жылғы 26 наурыздағы №123 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Әліппе» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқытылады.

Сабақ кестесі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына (бұдан әрі-СанЕрежеге) сәйкес жасалды (2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚРДСМ-76 өзгерістер мен толықтыруларымен). Сонымен 1-9 сыныптарда СанЕрежеге сәйкес 2 және 3 сабақтан кейін 15 минуттық үзіліс қарастырылған, 5-9 сыныптарда оқу процесін оңтайландыру және үй тапсырмасының көлемін азайту үшін қосарланған сабақтар қарастырылған, сонымен қатар 1-4 сыныптарда бөлінген сабақтар кестеде қарастырылған. Кестені мектеп директоры бекітті және мектептің қамқоршылық кеңесімен келісілді.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары - сабақ ұзақтығы – 45 минут. Оқу бағдарламаларының орындалуын бақылауды мектеп әкімшілігі жүзеге асырады. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында мектеп штаттық режимде жұмыс істейді. Мектептегі оқу процесі

таңдалған үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүргізіледі, мектеп жаңартылған ТООБ (ТУП) мазмұнының таңдады. Сабақ ұзақтығы 45 минуттан. Оқу бағдарламаларының орындалуын бақылауды мектеп әкімшілігі жүзеге асырады. Тексеру нәтижесінде барлық пәндер бойынша бағдарламалардың толық меңгерілуі, оның ішінде зертханалық және практикалық жұмыстар бойынша ұзақ мерзімді жоспарлауға сәйкес орындалғанын көрсетті. Оқу жоспарларын іске асырылуы педагог кадрлардың қажетті санымен, тиісті біліктілігіне сай және бағдарламалары мен әдістемелік материалдардың және оқу әдебиеттерінің қажетті санымен қамтамасыз етілген. Оқу бағдарламасын орындау кезінде мереке күндеріне түскен сабақтар ескерілді, олар қайталауға бөлінген сағаттардың есебінен оқу бағдарламаларының мазмұнын біріктіруді ескере отырып, келесі күндерге ауыстырылды. Пән мұғалімдерінің оқу бағдарламаларының теориялық және практикалық бөлігін орындауы электронды журналда қалыптастырылады. Үй тапсырмасының уақыты күнделікке қойылған. Тапсырма көлемі және уақыты ҚР Білім және Ғылым министрінің 2017 жылғы 42 сәуірдегі №182 бұйрығына сәйкес келеді.

Соңғы үш жылдағы үздік және «4» пен «5»-ке оқитын білім алушылардың үлесі.

Сынып	«4» және «5»		
	2022-2023	2023-2024	2024-2025 I тоқсан
1 -4	5	4	2
5-9	5	7	6
Итого	10	11	8

Диаграмма деректерінен «4» пен «5»-ке оқитын оқушылар бірқалыпты деуге болады. Бастауыш және негізгі буынның сабақтастығы бойынша жұмысқа назар аудару қажет.

Оқу бағдарламаларының орындалуын талдау оқу сағаттарының жоспарлы және нақты көлемі бойынша толық және объективті ақпарат алуға мүмкіндік береді. Бастауыш, негізгі және орта білім берудің жұмыс оқу жоспарының оқу бағдарламаларын орындау толық көлемде жүзеге асырылған.

Тексерілді:

1. Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары
2. Бағаланатын кезеңде "Күнделік" электрондық журналында жалпы білім беретін пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау.

Инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру.

Педагог-психологтың есебі.

Ата- аналармен отбасылық қатынастарды нығайту мақсатында "Отбасылық ережелер: қалай жақсы көру керек", "Ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы тәрбиелеудегі отбасының рөлі", "Ата-аналарға бала тәрбиесіндегі ұсыныстар" консультациялары өткізілді. Оқушылардың жеке басын жан-жақты зерттеуге, жеке, топтық сабақтарға, мазасыздықты азайтуға, өзіне деген сенімсіздікті жеңуге бағытталған диагностика нәтижесіне тренингтер жүргізілді. Ата - аналармен жұмыс консультациялар, тренингтер түрінде жүргізілді, мысалы: Роза Рахманқұлованың әдістемесі бойынша сауалнама, "Мен - бірінші сынып оқушысының анасымын" жиналысы, "Балаларды бейімдеу". Балалармен мынандай: "Никотин-улану" сабағы (7,8 сынып), "Менің жеке шекарам" тренинг

элементтерімен сабақтар (1-4 сынып), "Эмоциялар" (1-5 сынып), "Біз дос бола аламыз ба?" (6,7 сынып), тақырыптар бойынша тренингтер өткізілді.

Психологиялық сүйемелдеу дәстүрлі түрде білім беру процесінің барлық қатысушыларын қамтиды: оқушылар, ата-аналар және мұғалімдер. Оқушылардың жеке ерекшелігіне сәйкес келетін және оқушылардың, олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің), педагог қызметкерлердің және білім беру процесінің басқа да қатысушыларының жеке басын табысты оқыту, денсаулығын сақтау және дамыту үшін психологиялық жағдайларды қамтамасыз ететін дамудың әлеуметтік жағдайын жасауға жәрдемдесу - мектептегі психологиялық сүйемелдеу қызметінің мақсатында болып

Мектептің психологиялық қызметі келесі бағыттары:

- психодиагностика;
- түзету-дамыту жұмысы;
- кеңес беру, кәсіби кеңес беру;
- әдістемелік жұмыс;
- білім беру қызметі;
- профилактикалық және оқу-дамыту жұмысы.

Баланың мектепті бастауға дайындығын психологиялық-педагогикалық бағалау оқу жылының қыркүйегінде жүргізіледі.

Кесте 1. Зерттелгендердің санаты мен саны

	2022-2023жж	2023-2024жж	2024-2025жж
1-сынып оқушыларының саны	2 оқушы	0 оқушы	2 оқушы

Кесте 2. 1-сынып оқушыларының мектепте оқуға дайындығын диагностикалау нәтижелері.

Дайындық деңгейі	2022 – 2023 оқу жылы	2023 – 2024 оқу жылы	2024 – 2025 оқу жылы
Дайын	2	0	2
Шартты дайын	2	0	2
Шартты дайын емес	0	0	0
Дайын емес	0	0	0

2-кестеден мектепке түсу кезінде оқушылардың орта есеппен 100 % - ы тұрақты оқуды бастауға дайын екендігі көрінеді. Бұл оқушылардың мектепке және білім беру процесіне бейімделу деңгейі өте жоғары болуы мүмкін. Жалпы, бұл балаларға ересектердің қосымша тексеруі немесе көмегі қажет емес. Оқушылардың 100 % -ы мектепті бастауға шартты дайындық диагнозы қойылады. Бұл балаларда тұрақты оқуды бастаудағы қиындықтарды ішінара болжауға болады. Бірақ бұл балалар білікті ұйымдастырылған педагогикалық әсер арқылы мамандардың қосымша көмегінсіз оқуға бейімделе алады.

Қатарынан үш жыл ішінде мектепте оқуға дайын емес оқушылардың саны өзгермейді және бірінші сынып оқушыларының орта есеппен 0% құрайды.

1-сынып оқушыларының ішкі жағдайын диагностикалау нәтижелері.

Дайындық деңгейі	2022 – 2023 оқу жылы	2023 – 2024 оқу жылы	2024 – 2025 оқу жылы
Қалыптасты	2(100%)	0(0%)	2(100%)
Орташа қалыптасқан	0	0	0

Қалыптаспаған	0	0	0
---------------	---	---	---

3-кестенің нәтижелерін талдау бірінші сынып оқушыларының 66% - дан астамының ішкі ұстанымы мазмұнды екенін көрсетті. Бұл балалар білімнің мақсаттарын, маңыздылығы мен қажеттілігін түсінеді, танымдық қызығушылық танытады. Орта есеппен үш жыл ішінде бірінші сынып оқушыларының 100%-да ішінара ішкі позиция бар. Бұл оқушылардың мектепке, олардың жаңа әлеуметтік мәртебесіне эмоционалды оң көзқарасы бар. Орта есеппен, үш жыл ішінде оқушылардың 25 %-да мектепке түсу кезінде оқушының ішкі ұстанымы қалыптаспаған. Оқу қызметі қызықтырмайды, жетекші қызметі – ойын.

Зерттелгендердің санаты мен саны

	2022-2023ж	2023-2024ж	2024-2025ж
5-сынып оқушыларының саны	1 оқушы	3 оқушы	2 оқушы

5-сынып оқушыларының мектебіне эмоционалды қатынасты диагностикалау нәтижелері.

	2022-2023ж	2023-2024ж	2024-2025ж
Керемет	58 балл	42 балл	51 балл
Оң	46 балл	53 балл	35 балл
Бей-жай	14 балл	16 балл	10 балл
Орташадан төмен	7 балл	7 балл	4 балл
Теріс	0 балл	0 балл	0 балл

"Мектепке эмоционалды қатынас" әдістемесінің нәтижелері төрт жыл ішінде мектепке деген оң көзқарас 5-сынып оқушыларының 76% - ында байқалатынын, білім алушылардың 14% - мектепке деген оң көзқарас байқалатынын көрсетті. Оқушылардың 10% - ы мектепке немқұрайлы қарайды. Мектепке деген эмоционалды көзқарас орта мектепте оқуға сәтті бейімделудің маңызды факторы және осы процестің сәттілігінің маңызды көрсеткіші болып табылады.

5-сынып оқушыларының мектептегі мазасыздық деңгейін диагностикалау нәтижелері

	2022-2023ж	2023-2024ж	2024-2025ж
Байқалмайтын мазасыздық	0	0	0
Нормаға сай	1	3	2
Байқалған мазасыздық	0	0	0

Нәтижелерді өңдеу кезінде бесінші сынып оқушыларының көпшілігінде білімді тексеру жағдайынан нормаға сай анықталды (59,3 %). Сондай-ақ, өзін-өзі көрсетуден және өз мүмкіндіктерін көрсетуден (35,8%), мұғалімдермен қарым-қатынастан (21,8%) бар

Өткен үш жылдағы жұмыстың нәтижелері бойынша келесі қорытынды жасауға болады: 5 – сынып оқушыларына бақылау жүргізе отырып, бейімделу кезеңі сәтті өтіп жатқанын атап өтуге болады.

**9-сынып оқушыларының мамандық таңдауға
психологиялық дайындығын диагностикалау.
Зерттелгендердің саны мен саны**

	2022-2023ж	2023-2024ж	2024-2025ж
9-сынып оқушыларының саны	0	2	3

9-сынып оқушыларының қатарынан үш жыл ішінде мамандық таңдауға дайындығын диагностикалау нәтижелері.

Деңгейлер	2022-2023 оқу жылы	2023 – 2024 оқу жылы	2024 – 2025 оқу жылы
Жоғары дайындық	0	2	2
Орташа дайындық	0	0	1
Төмен дайын емес	0	0	0

2022-2023 оқу ж.ж.

9-сынып оқушыларының мамандық таңдауға психологиялық дайындығын диагностикалау нәтижелерін талдау көрсеткендей, оқушылардың 75 % - мамандық таңдауға дайындық деңгейі жоғары. Мұндай оқушылар тандалған мамандықтың әлеуметтік маңыздылығын түсінеді, олардың кәсіби таңдауының дұрыстығына сенімді, оқу-кәсіби қызметте басшылыққа алынатын жеке сенімдер мен құндылық бағдарларының белгілі бір жүйесіне ие. Балалардың 25 % - ы кәсіби таңдауға орташа дайын. Бұл оқушы болашақ мамандықты таңдады, сонымен қатар болашақ мамандықтың қосалқы нұсқалары болуы мүмкін, бірақ олар әлі де күмәндануда және өз таңдауларына толық сенімді емес.

2023-2024 оқу ж.ж.

Оқушылармен алдын ала профильдік тренинг шеңберінде оқушылардың болашақ мамандығын таңдауға бейімділігі мен қызығушылықтарын анықтау мақсатында диагностикалық жұмыс жүргізілді: ДДС әдісі оқушылардың көпшілігі «Адам-Адам», «Адам» сияқты мамандықтарды таңдайтынын көрсетті. «Технология», Голландтың сауалнамасы жүргізілді, бұл нәтижелерді растады. Диагностика барысында оқушылардың болашақ мамандығын таңдау туралы ойлайтыны анықталды.

2024-2025 оқу ж.ж.

Балалар «Мамандықтар әлемі» топтық сабақтарына қатысты, оларға жеке кеңестер де ұйымдастырылды. Сондай-ақ кәсіптік бағдар беру аясында «Бұзақылықтың алдын алу және оның оқушылардың денсаулығына әсері» атты ғылыми жоба жазумен айналысты.

7, 8, 9 сынып оқушыларымен жеке ерекшеліктерін (темперамент, экстраверт, интроверт, есту, көру, кинестетикалық) анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді.

Зиянды әдеттердің (никотинге тәуелділік, электронды темекі, алкогольді ішімдіктерді пайдалану) алдын алу бойынша жұмыстар жүргізілді.

Кәсіби таңдауға дайын емес оқушылар 2022-2025 оқу жылында – байқалмайды

Психологиялық кеңес беру.

2022-2023 оқу ж.ж.

Кеңес беру күнделікті өмірде психологиялық қиындықтары мен проблемалары бар, невротикалық сипаттағы шағымдарды тудыратын клиникалық сау тұлғаға бағытталған. Өзін жақсы сезінетін оқушылар, мұғалімдер және ата-аналар кеңес алды, бірақ жеке тұлғаны одан әрі дамытуды мақсат етіп, өмірлік міндеттерді шешудің тиімді жолдары мен тәсілдерін табуға мүдделі. Белгілі бір тақырып бойынша ұсыныстар жазылған буклеттер жасалады. Ата-аналарға сауалнама (Жеке қажеттіліктерге байланысты) Баланың тілі қалай дамиды?, «Маусым бойынша киім» , ата-аналар сұрағы бойынша кеңес. «Бірге дем алған өте қызықты» «Денсаулық күн тәртібі» «Менің көңіл-күйім»

Консультациялық қызмет

Оқу жылы	жалпы консультациялар саны			Консультациялардың сипаты					
				Ақпараттық			Мәселені шешу		
	оқушылар	мұғалімдер	ата-аналар	оқушылар	мұғалімдер	ата-аналар	оқушылар	мұғалімдер	ата-аналар
2022-2023	3	3	4	3	3	4	0	0	0
2023-2024	3	3	5	3	3	2	0	0	3
2024-2025	4	3	3	2	3	3	2	0	0

2023-2024 оқу ж.ж. оқушыларға "Кәсіптер әлемі", "Мен өз өмірімді өзім құрып жатырмын", «Жауапты мамандық таңдау» тақырыптары бойынша кеңес беру.

Ата –аналарға кеңес беру "Балалардың эмоционалдық проблемалары", "Менің баламның таңдауы - болашақты таңдау", "Отбасы және оның денсаулығы бұзылған баланы тәрбиелеудегі рөлі", "Психологиялық жетілу" тақырыптары бойынша, мұғалімдерге жүргізілген диагностика қорытындысы бойынша, "Балалар мен жасөспірімдер арасында суицидтің алдын алу шаралары туралы", "Сынып жетекшісінің жұмысындағы кәсіптік бағдар беру" тақырыптары бойынша консультациялар жүргізілді.

2024-2025 оқу ж.ж

Консультациялық жұмыс екі бағытта жүргізілді:

жеке кеңес беру;

топтық кеңес беру.

Кеңесте көтерілген мәселелер төмендегідей болды:

- мінез-құлық
- эмоционалды
- білім беру мәселелері
- Ата-аналармен және мұғалімдермен қарым-қатынастағы проблемалар
- оқу проблемалары

2022-2023 оқу ж.ж. жылдары педагог-психолог және әлеуметтік педагог мынадай ағартушылық жұмыс жүргізді: "Психикалық денсаулықты сақтау дағдылары" әңгімесі, "Төтенше жағдайлардағы мінез-құлық" сабағы, "Біз және кәсіптер әлемі" әңгімесі, "Мен өз өмірімді өзім құрып жатырмын" әңгімесі өткізілді.

2023-2024 оқу ж.ж. ата-аналар үшін "Балаларға емтиханға дайындалуға қалай көмектесуге болады", "Дені сау отбасы - дені сау ұлт" атты әңгімелер өткізілді. Ата-аналар жиналысында "Балалардың бейімделуі және оның күрделілігі", "Балалар мен жасөспірімдер арасындағы алдын алу шаралары туралы" педагогтарға арналған дәрісхана, вахтерлерді "Денсаулық пен өмірлік дағдыларды қалыптастыру, сондай-ақ кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу" бағдарламасы бойынша оқыту сабақтары, 5-сынып ата-аналарына арналған "Бесінші сыныптағы бейімделу кезеңінің сәттілігі" конференция өткізілді, Педагог – психологтардың аудандық семинарында "Қақтығыстар және оларды жеңу жолдары" тақырыбында баяндама жүргізілді. Сондай-ақ, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмыстары Facebook, мектеп сайты әлеуметтік желілерінде жүргізілуде.

2024-2025 оқу ж.ж

Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс.

1. Диагностикалық әдістерді таңдау, папкаларды толтыру
Кіші, орта және жоғары сыныптарға қажетті әдістермен, тесттермен және сауалнамалармен «Диагностика».
2. «Әдістемелік материалдар» папкасын дайындау.
Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері «тәуекел тобының» отбасыларына және патронаттық тәрбиедегі балалардың отбасыларына барып, ата-аналармен және оқушылармен сұхбат жүргізілді. Оқушыларды бақылау мақсатында сабаққа қатыстырылды. Осылайша, педагог-психолог жұмысы жоспарға сәйкес жүргізілді. Алға қойған мақсаттар мен міндеттер орындалды.

Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып бейінді оқытуды іске асыру. (Оқытудың терендетілген және стандартты деңгейі)

Бейіндік оқыту өзіндік білім беру траекториясын өз бетінше саналы түрде қалыптастыру негізінде әрбір білім алушы үшін кәсіби салада өзін-өзі анықтау жағдайларын қамтамасыз етуді көздейді. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектебін мектептің жоғары сатысында дамытудың жаңа тұжырымдамасы білім алушыларды дараландыруға және әлеуметтендіруге

бағытталған, оның ішінде еңбек нарығының қазіргі заманғы қажеттіліктерін ескере отырып, бейіндік оқытуды көздейді. Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызмет үлгілеріне сәйкес.

9-сынып оқушыларының оқу көрсеткіштерінің бірі, жоғары және орта арнаулы оқу орындарына түсу болып табылады.

Түлектердің оқу орындарына түсуі туралы

	Оқу жылы	9-сынып			
		Барлығы	колледж	10-сынып	грант
1	2022-2023	0			
2	2023-2024	2		2	
3	2024-2025	3			

Осылайша, мектепте өзінің болашақ қызметінің бейіндік бағытын таңдауға қатысты негізгі мектеп түлектерінің өзін-өзі анықтауын қамтамасыз ететін жағдайлар жасалады.

Білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру;

Бағалау кезеңі бойынша мектепте ерекше білім алуды қажет ететін оқушылар болған жоқ.

8) "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсын зерделеу;

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы басшылыққа алынды. 1, 2, 3 сыныптарында жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты, 4 сыныптарында 10 сағаттан «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылды. Сонымен қатар, 5, 6, 7, 8 сыныптарында оқу жүктемесі 15 сағатты құрайды және дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылды. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері курсы» бойынша сабақтар электронды журналына жазылды.

2023-2024 оқу жылында Бастауыш, негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы басшылыққа алынды. 2-4 сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 2-4 сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 2, 3 сыныптарда 6 сағаттан, 4 сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады. Сонымен қатар 5, 6, 7, 8 сыныптарда оқу жүктемесі 15 сағатты құрайды және дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырды.

Барлық пән мұғалімдеріне қатысты "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" күнделікке тақырыптары енгізілген.

9) "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсын іске асыру;

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы негізінде "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұны 2 тарау §1 25 тармақ, §2 39 тармақтарын басшылыққа алынып 1-4

сыныптарда, 1, 2, 3, 4 -6 сағаттан, 2 тарау §135 тармақ, §2 48 тармағын басшылыққа алынды. «Жолда жүру ережелері» 5-8 сыныптарда, 5,6,7,8- 10 сағаттан берілді. Сынып жетекшілері тәрбие сағаттарымен қоса интеграциялаланған сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылған.

2023-2024 оқу жылдары Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы басшылыққа алынды. **"Жолда жүру ережелері"** оқу курсының мазмұнын 2-4-сыныптарда, 2, 3, 4 -әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады. Дене шынықтыру пәнінің шеңберінде "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8 сыныптарда 5, 6, 7, 8 сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, электронды журналының сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылған.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне критерийлер:

Апталық оқу жүктемесінің максималды көлеміне сәйкестік және сәйкестік

Жыл сайын білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталады, МЖМБС-да белгіленген нормаларға сәйкес келеді.

	2022-2023	2023-2024	2024-2025
1-4 сыныптар	ТУП № 415 от 20.08.2021 (Қосымша 1,2)	ТУП № 441 от 04.09.2018 (Қосымша 1,2)	ҚР БҒМ 08.11.2012ж №500 бұйрығы, 08.02.2024ж № 27 бұйрығымен (Қосымша 1)
Максималды оқу жүктемесі	1 -сын – 18,5 2 -сын – 23 3-сын – 25 4 -сын – 24	2 -сын – 22 3 -сын – 25 4 -сын – 25	1-сын-18,5 2-сын – 22 3-сын – 25 4-сын – 25
5-9 сыныптар	ТУП № 415 от 20.08.2021 (Қосымша 6, 7)	ТУП № 365 от 12.08.2022 (Қосымша 6, 7) өзгертулермен ТУП №406 от 23.09.2022	ҚР БҒМ 08.11.2012ж №500 бұйрығы, 26.10.2023ж № 323 бұйрығымен (Қосымша 6)
Максималды оқу жүктемесі	5-сын – 28 6-сын – 28 7-сын – 31 8-сын – 32	5-сын – 28,5 6-сын – 28,5 7-сын – 31,5 8-сын – 32,5	5-сын – 28 6-сын – 28 7-сын – 31 8-сын – 32 9-сын – 33

	2022-2023	2023-2024	2024-2025
1-4 сыныптар	ТУП № 415 от 20.08.2021 (Қосымша 1,2)	ТУП № 441 от 04.09.2018 (Қосымша 1,2)	ҚР БҒМ 08.11.2012ж №500 бұйрығы, 08.02.2024ж № 27 бұйрығымен (Қосымша 1)
Инвариативтік компонент (сағаттар)	1 кл – 22,5 2 кл – 23 3 кл – 26 4 кл – 26	1 кл – 18,5 2 кл – 23 3 кл – 25 4 кл – 25	1-сын – 18,5 2-сын – 22 3-сын – 25 4-сын – 25
Вариативтік компонент	1 кл-2 сағ 2 кл- 2 сағ 3 кл-3 сағ 4 кл – 3 сағ	1 кл – 1 2 кл – 1 3 кл – 1 4 кл – 1	1-сын – 1 2-сын – 2 3-сын – 1 4-сын – 1
Максималды оқу жүктемесі	1 кл – 24,5 2 кл – 25 3 кл -29 4 кл – 29	1 кл – 19,5 2 кл – 24 3 кл – 26 4 кл – 26	1-сын – 19,5 2-сын – 24 3-сын – 26 4-сын – 26
5-9 сыныптар	ТУП № 415 от 20.08.2021 (Қосымша 6, 7)	ТУП № 441 от 04.09.2018 (Қосымша 6,7)	ҚР БҒМ 08.11.2012ж №500 бұйрығы, 26.10.2023ж № 323 бұйрығымен (Қосымша 6)
Инвариативтік компонент (сағаттар)	5 кл – 28 6 кл – 28 7 кл – 31 8 кл – 32	5 кл – 28 6 кл – 28 7 кл – 31 8 кл – 32 9 кл – 33	5-сын – 28 6-сын – 28 7-сын – 31 8-сын – 32 9-сын – 33
вариативный компонент	5 кл- 0,5 сағ 6 кл -0,5 сағ 7 кл – 0,5 сағ 8 кл – 0,5 сағ	5 кл – 0,5 6 кл – 0,5 7 кл – 0,5 8 кл – 0,5 9 кл – 1	5-сын – 0,5 6-сын – 0,5 7-сын – 0,5 8-сын – 0,5 9-сын – 1
максимальная учебная нагрузка	5 кл – 28,5 6 кл – 28,5 7 кл – 31,5 8 кл – 32,5	5 кл – 28,5 6 кл – 28,5 7 кл – 31,5 8 кл – 32,5 9 кл – 34	5-сын – 28,5 6-сын – 28,5 7-сын – 31,5 8-сын – 32,5 9-сын – 34

Сыныптардың топтарға бөлініп оқытылуына қойылатын талаптардың сақталуы.

Жанартылған білім беру мазмұны бағдарламалары бойынша білім алатын 2021-2023 оқу жылының 1-4 сыныптары үшін сыныпты екі топқа бөлу ауылдық мектептерде 20 және одан да көп білім алушы қазақ тілі бойынша; ағылшын тілі бойынша; цифрлық сауаттылық бойынша; Өзін-өзі тану бойынша жүзеге асырылады. 2021-2023 оқу жылында біздің мектепте 1-9 сынып аралығында сыныптардағы оқушылар саны 20-дан аз, сол себеппен сыныптарда бөлу жоқ.

2023-2024 оқу жылында топтарға бөлу ҚР Білім Министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен, ҚР Білім Министрінің 2022.09.23 № 406 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға

міндетті білім беру стандартына сәйкес жүзеге асырылады. Сыныпты екі топқа бөлу қалалық жалпы білім беретін білім беру ұйымдарында 24 және одан да көп білім алушылар сыныптарын толтыру кезінде, ауылдық ұйымдарда – 20 және одан да көп білім алушылар: қазақ тілінде оқытпайтын сыныптарда қазақ тілі; шет тілі; цифрлық сауаттылық бойынша жүзеге асырылады(1 сыныптан басқасы). "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мамандандырылған, арнайы білім беру ұйымдары, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына сәйкес және ересектер",Б.96.ШЖМ-де сыныпты екі топқа бөлу: 1) қазақ тілі мен әдебиеті – қазақ тілінде оқытпайтын сыныптарда; 2) Шет тілі; 3) Көркем еңбек; 4) информатика пәндерінен 16 және одан да көп білім алушылар болған кезде жүзеге асырылады. 1-7 сыныптарда сыныптардың толымдығы 16 оқушыға жетпейді, бөлу жоқ.

Сыныптарды топтарға бөлуге қойылатын талаптар сақталған.

Оқу мерзіміне өлшемшарттар:

1) *Туісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;*

Білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 Бұйрығы (2-қосымшаның 46-т., 3-қосымшаның 62-т.,4-қосымшаның 56-т.) мектепте мынадай оқыту кезеңдері мен мерзімдері айқындалған:

- 1) бастауыш білім, 1-4 сынып (оқу мерзімі 4 жыл);
- 2) негізгі орта білім, 5-9 сынып (оқу мерзімі 5 жыл);
- 3) жалпы орта білім, 10-11 сынып (оқу мерзімі 2 жыл)

«Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімі Қызыл-Қазақстан ауылының Нұрғабыл Малғаждаров атындағы негізгі орта мектебі» КММ білім алушыларының жалпы саны.

<i>01.09.2022 оқу жылындағы жағдай бойынша</i>	<i>01.09.2023 оқу жылындағы жағдай бойынша</i>	<i>02.09.2024 оқу жылындағы жағдай бойынша</i>	
Барлығы-17 білім алушы: 1-4 сыныптар-9 5-7 сыныптар-8 Оқу деңгейлері бойынша сыныптардың орташа толымдылығы: 1-4 сыныптар-3; 5-7 сыныптар-3. Сыныптар оқу деңгейлері бойынша жиынтықтар: 1-4сыныптар –3жиынтық сынып; 5-9 сыныптар-3жиынтықсынып.	Барлығы- 14білім алушы: 1-4 сыныптар -5 5-8 сыныптар-9 Оқу деңгейлері бойынша сыныптардың орташа толымдылығы: 1-4 сыныптар-3; 5-8 сыныптар-3. Сыныптар оқу деңгейлері бойынша жиынтықтар: 1-4 сыныптар - 2 жиынтық сынып; 5-8 сыныптар-3 жиынтық сынып.	Барлығы- 16 білім алушы: 1-4 сыныптар -6 5-8 сыныптар-10 Оқу деңгейлері бойынша сыныптардың орташа толымдылығы: 1-4 сыныптар-2; 5-8 сыныптар-3. Сыныптар оқу деңгейлері бойынша жиынтықтар: 1-4 сыныптар - 2 жиынтық сынып; 5-9 сыныптар-3 жиынтық сынып.	

Мектепте 9 жиынтық сыныптар бар. Оқыту – қазақ тілінде , сыныптың орташа толымдылығы 3 оқушыны құрайды.

Мектептегі сабақтар бір ауысымда өткізіледі:

Бірінші ауысымда 16 білім алушы (5 жиынтық сыныптар) оқиды, оның ішінде: бастауыш білім - 1- сыныпта – 2 білім алушы (1 жиынтық сынып), 2-4 сыныптарда - 4 білім алушы (1 жиынтық сынып); негізгі орта білім – 5 және 7, 6-сынып – 6 оқушы (2 жиынтық сынып), 8 және 9-сыныпта 4 оқушы (1 жиынтық сынып).

2. Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

2022-2023 оқу жылы:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде №29030 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №363 бұйрығының негізінде меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалды:

а) 2022-2023 оқу жылының басталуы – 2022 жылғы 1 қыркүйек;

ә) оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 35оқу аптасы, 2-11 (12)- сыныптарда - 36оқу аптасы. 2-11 (12) сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут. 1-сыныптарда оқу сабақтарының "сатылы" режимі: қыркүйекте 35 минуттан 3 сабақ, қазан айынан бастап 45 минутқа дейін санитарлық ережелерге сәйкес дене шынықтыру минуттары мен көзге арналған гимнастика сабақтарында өткізіледі (www.nao.kz).

2022-2023 оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11 (12)- сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 31қазан-6 қараша аралығында), қысқы –9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023жылғы 8қаңтар аралығында), көктемгі –9күн (2023жылғы 18-26 наурыз аралығында)

1-сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында)

2023-2024оқу жылы:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде №29030 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №363 бұйрығының негізінде меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалды:

а) 2023-2024 оқу жылының басталуы – 2023 жылғы 1 қыркүйек;

ә) оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33оқу аптасы, 2-11 (12)- сыныптарда - 34оқу аптасы. 2-11 (12) сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут. 1-сыныптарда оқу сабақтарының "сатылы" режимі: қыркүйекте 35 минуттан 3 сабақ, қазан айынан бастап 45 минутқа дейін санитарлық ережелерге сәйкес дене шынықтыру минуттары мен көзге арналған гимнастика сабақтарында өткізіледі (www.nao.kz).

2023-2024 оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11 (12)- сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2023 жылғы 30қазан-5 қараша аралығында), қысқы –10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсан мен 2024 жылғы 7 қаңтар аралығында), көктемгі – 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында)

1-сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында)

2024-2025оқу жылы:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде №29030 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №363 бұйрығының негізінде меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан

орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалды:

а) 2024-2025 оқу жылының басталуы – 2024 жылғы 2 қыркүйек;

ә) оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33оқу аптасы, 2-11 (12)- сыныптарда - 34оқу аптасы. 2-11 (12) сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут. 1-сыныптарда оқу сабақтарының "сатылы" режимі: қыркүйекте 35 минуттан 3 сабақ, қазан айынан бастап 45 минутқа дейін санитарлық ережелерге сәйкес дене шынықтыру минуттары мен көзге арналған гимнастика сабақтарында өткізіледі (www.nao.kz).

2024-2025 оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11 (12)- сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2024 жылғы 28 қазан-3 қараша аралығында), қысқы –10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсан мен 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурыз аралығында)

1-сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпанды қоса алғанда)

2022-2023 оқу жылына ҚР БҒМ жалпы білім беру ұйымдарында оқушыларды тәрбиелеу тұжырымдамасы негізінде тәрбие жұмыстарының жоспарына талдау.

Жұмыс жоспарының мақсаты мен міндеттері қойылған. 8 бағыт бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Сынып жетекшілердің барлығы жоғары білімді. Жыл бойы мектепте төмендегідей тақырыптарды қамтиды.

1.Тәрбие жұмысын жоспарлау.

2.Жасөспірімдер арасында ұшырасатын суйцидтік көріністердің алдын алу.

3.Тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттыруда ата-аналар жиналысының ролі.

4.Жалпыға құқықтық білім беру жұмысы.

5.Жазғы демалысты ұйымдастыру.

Жалпы мектепте тәрбиесі қиын, қиындық келтіретін, сабаққа сирек келетін оқушы жоқ.

1қыркүйек білім күніне орай «Кел, балалар, оқылық!» салтанатты жиыны 1-сынып оқушылары үшін ұйымдастырылады және «Әліппе»/«Букварь» алғашқы оқулығы салтанатты түрде табыс етілді. 2-9 сыныптарда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында сынып сағаты, ашық сабақтардың өткізілуін ұйымдастырды.

Ұстаздар мерекесіне орай іс-шара жасалынып, жоспар бойынша барлық ашық тәрбие сағаттары өтті.

Қазақ халқының әдебиетін негізге ала отырып, көркем әдеби шығармалардағы кейіпкерлердің игі істерін насихаттау арқылы елжандылыққа, адамгершілікке, бауырмалдыққа тәрбиелеп, тілін, елін сүйе білуге үйрету мақсатында «Мәңгілік еліміздің – мәңгілік тілі» атты қазақ тілі мен әдебиеті онкүндігінің салтанатты ашылу өтті және «Туған тіл – басты байлығым» атты тақырыптық сабақтар өткізілді. Оған 1 мен 9-сынып оқушылары қатысты. Сабақта оқушылар тілдің қолдану аясы жайлы айтты, мақал-мәтел жарысы, постер қорғау, жағдаяттық тапсырмалар орындады.

Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығы, кітаптары, ғылыми еңбектері туралы мағлұмат беріп, ақын өмірін оқушыларға үлгі ете отырып, өз елін сүйуге, оның көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеп, оқушылардың танымдық деңгейін дамыту мақсатында «Ахмет Байтұрсынұлы-қазақ әліпбиінің негізін салушы» атты сабақ өтті. А.Байтұрсыновтың 150 жылдығына орай кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, мәртебесі мен маңызын кеңінен насихаттау, оқып үйренуге деген ықыласы мен қызығушылығын арттыру. Патриоттық сезімін оятып, тілін, Отанын, елін, жерін сүйуге, салт - дәстүрін, тарихын құрметтеуге баулу мақсатында «Мәңгілік елімнің – мәңгілік тілі» атты тілдер онкүндігінің аясында 5-9 сынып оқушыларымен «Тіл – ұлттың жаны» дөңгелек үстелі өтті.

«Адамға екі нәрсе тірек тегі, Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі», - деп Жүсіп Баласағұн бабамыз айтқандай, кез келген мемлекеттің, елдің ең негізгі рәмізі де, ұраны да, тірегі де сол елдің ана тілі болмақ. Ана сүтімен бойымызға дарыған қазақ тілінің құдіреттілігі, көркемдігі өрлігінде, орасан зор байлығында. Атадан балаға мирас болып қалған баға жетпес мұраны дәріптеу мақсатында «Тіл – достықтың алтын көпірі» атты бастауыш сыныпта мәнерлеп оқу сайысы өтті. 1-4-сынып оқушылар арасында мәнерлеп оқу байқауы ұйымдастырылды. Бұл іс-шараға әр сыныптан бір оқушы қатысты. Бастауыш сынып арасында I орынға 4-сынып оқушысы- Равил Назым, II орынға 3-сынып оқушысы Сағындық Аяулым, III орынға 2-сынып оқушысы Қуандық Нұрәлі иеленіп, мақтау қағаздарымен марапатталды.

5-9 сынып оқушылары «Ана тілін және өзге халықтың тілін сыйлау әр азаматтың міндеті» тақырыбы бойынша эссе жазды. Ең жақсы жұмыстар бағаланып, оқушылар марапатталды.

Қыркүйек айының басында мектепте денсаулық күніне орай «Денсаулық фестивалі» ұйымдастырылды. «Көңілді старт» кедергелерден өту сайысында оқушылар белсенділік танытты. Бұл сайысқа оқушылар толық қатысты. Түрлі кедергелерден өтіп, өз күштерін, білімдерін сынады.

Қазанның айында «Алтын күз» мерекесі ұйымдастырылды. Іс – шараға 1-4 сынып оқушылары тәрбие сағатында күз мерекесіне арналған өлеңдер мен тақпақтар оқылды. Сонымен қатар шағын көрініс көрсете отырып, мақал-мәтелдермен жарысып білімдерін сынады. 5-9 сынып аралығында күз мерекесіне арналған бағдарлама бойынша әр топ өздерінің топтарын таныстырып, өнерлерін көрсетті.

«Абайла бағдаршам» атты сайысқа бастауыш сынып сынға салынып тексерілді. Оқушылар «Жаяу жүргіншілер» және «Жас инспекторлар» болып екі топқа бөліні. Әр топқа әртүрлі сұрақтар. Жол белгілерінің суреттері мен бағбалары беріліп, дұрыс жауап қайтарун күткен әділ – қазы алқасы әділ баға беріп отырды. Сонымен қатар жол ережесіне байланысты әр топ бір неше кедергілерден өтті. Жеңіске «Жас инспекторлар» тобы жеңіске жетіп марапатталды.

Қараша айында «Қазақстан – құқықтық мемлекет» тақырыбында онкүндікке іс-шара жасалынып, бекітілді. Бастауыш сыныптар аралығында «Менің құқығым» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді, 5-9 сыныптар эссе байқауы ұйымдастырды.

.7-сынып жетекшісі Салимжанова А.Ж «Құқықты біз қалай түсінеміз?» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. 9-сынып жетекшісі Мағзумова Д.С «Сыбайлас жемқорлықсыз мемлекет қандай болады?» пікірталас өткізді. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлық туралы ұғымын және осы құбылысқа қарсы күрестің негізгі бағыттарын талқылап, пікірталас барысында қазіргі қоғамның жағымсыз құбылысы екендігін, оған жүйелі көзқарас, жан-жақты іс-әрекет қажет екендігі айтылды.

Оқушылардың денсаулық сақтау және өмір қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында атқарылған жұмыстар қорытындысы төмендегіше анықталды.

Сынып жетекшілерге оқушылар арасында өмір қауіпсіздігін түсіндіру жұмыстарын жандандыру және баланың өмірі мен денсаулығына жауапты адамдарға қатысты заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар, санитариялық қағидаларын бекіту туралы" бұйрығының таныстырып өтті. Осыған орай балалардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ұқсас жағдайларды болдырмау мақсатында сынып жетекшілерге оқушылар арасында техникалық қауіпсіздік ережелерін түсіндіру жұмыстарын жүргізуді және жазатайым оқиға, төтенше жағдайлар болған жағдайда дереу тиісті орындарға хабарлау керектігі айтылып, түсінік жұмыстары жүргізілді. Балалардың өміріне қауіп төндіретін төтенше жағдайлардың алдын алудағы ескеретін басты қағидалар назарда ұстау қажеттігі, білім алушыларға білім берумен қатар азаматтық қорғаныс, өрт шығу қауіптерінің алдын алу, жол қауіпсіздік ережелерінде әрқашан жадында ұстау керектігі айтылды. Әсіресе қашықтықтан білім алу

кезінде, сабақтан тыс және мектептен тыс іс-шараларда да қауіпсіздік ережелері ескеріліп, ақпараттық технологияларды компьютер құрылғылары, смартфондар) үздіксіз пайдалану барысында денсаулық және өмір қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында түсінік жұмыстары жүргізілді.

«Оқушылардың өзін-өзі басқару жұмыстарының жағдайы» тақырыптық бақылау төмендегіше анықталды.

Өскелең ұрпақтың бойындағы патриоттық білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, Тәуелсіз Қазақстан бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру мақсатында «Жас Ұлан» ұйымы құрылды. Оқушылар өзін-өзі басқару мақсатында:

- ұлан басы – 9-сынып оқушысы Дарбай Нұрасыл
- тәрбие министрі – 9-сынып оқушысы Жүзжасарова Рамиля
- білім министрі - 9-сынып оқушысы Қайырбаев Ұлағат
- спорт министрі – 9-сынып оқушысы Қаппас Нұрсәт

Ұйымның жұмысына бақылау мен басшылық жасау тәлімгер А.Е.Асылбековаға жүктелді. Жауапты оқушыларға өз міндеттері беріліп, таныстырылған. Олар сол өз міндеттері бойынша мектепшілік іс-шараларға атсалысып қатысып, өз үлестерін қосуда.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай оқушылардың бойында отансүйгіштік сезім ұялату, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік кезіндегі жетістіктерімен таныстыру мақсатында «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында сынып сағаттары өтті. Тәрбие сағатында халқымыздың тәуелсіздікке жету жолындағы ерлік күресі мен қазіргі Қазақстанның жетістіктері айтылды. Оқушылар дайындап келген өлеңдерін оқып, бейне жазбалар көрді.

Қысқы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережесін сақтау мақсатында ата-аналар жиналысында балалардың қауіпсіздік ережесімен таныстырып, танысқандығы жөнінде қол қойды. Оқу жылы басынан мектептен тыс уақытта баласының қауіпсіздігіне ата-ана өз мойнына алатындығына келісім шартқа тұрып таныстырылған. Және қысқы демалысқа іс-шара жасалынып, бекітілді. Қысқы демалыста қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында пиротехникалық құралдарын пайдалану кезінде жол қозғалысы ережелері мен қауіпсіздік техникасы бойынша сынып чадына бейнероликтер көрсетілді. «Аяз ата» балалар суреттерінің бақауы» ұйымдастырылып, әлеуметтік желіге жарияланды. «Біздің отбасымыздағы жаңа жыл» фото жобасы әлеуметтік желіге жарияланды.

Қазақ халқының әлеуметтік, саяси, мәдени, тарихи өмірінде орны айрықша зор тұлға – Ахмет Байтұрсынұлының халықтық тәлім-тәрбиелік ойларының негізінде оқушылар бойына адамгершілік қасиеттерді дарыту, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу мақсатында Ахмет Байтұрсынұлының туылғанына 150 жыл толуына орай «Ұлтымыздың ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы» тақырыбында әдеби кеш өтті.

Денсаулықтың адам өмір сүруі үшін аса қажеттілігін, оны сақтай білудің адам өміріндегі маңызы, микробтардың ағза қауіптілігін, кір қолдың қандай ауруларға ұшыратынын, жұқпалы аурулардан сақтану жолдарын түсіндіріп, білімділікке, салауаттылыққа өмір сүруге баулу. Денесін шыңдауда шымыр да шапсаң ұқыпты да жинақы, ортаны таза ұстап аялауға, өз денсаулығын күте білуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу мақсатында «Дені сау ұрпақ – жарқын болашақ» атты денсаулық апталығы ұйымдастырылды. 5-9 сынып оқушылары арасында «Спорт – денсаулық кепілі» жарысы өтті. 1-4 сыныптарында «Шынықсаң шымыр боласың» атты тақырыпта суреттер сайысы болды. «Денсаулық – өмір негізі», «Дені сау ұрпақ – жарқын болашақ» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

1 мамыр «Қазақстан халықтарының бірлігі күніне» орай оқушыларды ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға тәрбиелеп,

біздің елімізде тұрып жатқан басқа да халықтардың озық мәдениетін, өзіндік үлгі - өнегесін бойына сіңіру мақсатында «Бірлігіміз жарасқан» атты сынып сағаттары өтті.

«Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» деген қағиданы ұстана отырып, жас ұрпақты тарихымызды тереңнен тануға баулып, Отан тарихына деген сүйіспеншіліктерін арттыру, жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың ерлік істеріне тағзым етуге, өз халқымыздың тарихын құрметтей білуге тәрбиелеу мақсатында «Ер мен жердің - Жеңісі» атты жиын ұйымдастырылды.

Тәрбие жұмысының есебі 2022-2023 оқу жылы.

Оқу жылының басынан бастап 2021-2022 оқу жылындағы атқарған жұмыстарға талдау жасалынды. Оқушылардың және ата-аналардың әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер жиналды, тәрбие жоспарының бағыттары белгіленді, сынып бөлмелері бекітіліп, оқу ауысымдары белгіленді.

Сонымен қатар тәрбие шараларға бақылау-басшылық жасау іске асты. Оның ішінде сынып жетекшілердің тәрбие жоспарлары тексерілді, бекітілді, оқушылардың киім-киісіне, күн тәртібіне бірінші талаптар қойылды. Сынып арасындағы рейтинг жүргізудің реттілігі мен мақсаттылығы және тоқсан сайынғы тәрбие жұмыстар бойынша есебі мен педагогикалық кеңесте талқыланатын мәселелер қамтылды.

Мектеп және сынып жетекшілердің тәрбие жұмыстары төмендегі бағыттарды қамтыды:

1. Ұйымдастыру шаралары және талдау –диагностикалау қызметі
2. Қазақстандық патриотизм және азаматтық. Этникалық мәдениет
3. Рухани адамгершілік мәдениет
4. Зияткерлік мәдениет
5. Экономикалық мәдениет
6. Салауатты өмір салты және тәрбиесі
7. Ата аналармен жұмыс

Осы бағыттарды басшылыққа ала отырып, сыныптар екі буынға бөлінді, 1-4 және 5-8 сынып оқушыларын үйірмелерге тарту.

Сонымен қатар жол қауіпсіздік ережелерін насихаттау, балалар жарақатын болдырмаудың алдын алу шаралары, өрт қауіпсіздігіне арналған шаралар, ҚР мемлекеттік нышандарын насихаттау және қолдану бағдарламасы бойынша іс-шаралар, діни экстремистік көзқарасқа қарсы жүргізілетін іс-шаралар кеңінен жоспарланды. Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алуды ұйымдастыру шаралары жасалды.

Педагогтар ұжымында ұжымшылдықты қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізілді. Мұғалімдердің жұмысқа деген ынтасын ояту мақсатымен тренинг жүргізілді.

Бастауыш сыныптарда 9 оқушы бар. Соның ішінде 6 ер бала, 3 қыз бала. Жоғары сыныптарда 8 оқушы бар. Соның ішінде 2 ер бала, 6 қыз бала.

1 қыркүйек «Білім күніне» арнап «Білім күніне» арналған «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм» салтанатты жиыны өтті. Балалар жылына арналған 1-сынып сынып оқушылары үшін «Менің мектептегі алғашқы күнім», 2-4 сыныптарда «Менің жарқын жазғы оқиғаларым», 5-8 сынып «Менің саяхатым» атты бірінші сынып сағаттары өтті.

«Тілдер Заңының» қабылданған уақытынан бері аталынып келе жатқан тілдер мерекесі мектектепте қыркүйек айында белгіленген жоспар бойынша жұмыс шаралары жүргізілді. «Жақсы сөз – жан сүйіндіреді. Құлаққа ұғымды, ойға қонымды» деген Бауыржан Момышұлы. Осы сөздердің төңірегінде өтетін іс-шаралар тәлім-тәрбие беріп отырған мектеп ұжымындағы ең басты міндет. Әр оқу жылын бастаған кезде қыркүйек айының 5-16 жұлдыздар аралығында «Тілдер мерекесі» аталып өтілді. Ең бірінші күн салтанатты түрде ашылды. Бастауыш сыныптардан бастап жоғарғы сынып оқушылары Мемлекеттік тілді қолдау саясатында қабырға газеттерін дайындады. Жоғарғы сынып оқушылары «Тілден артық қазына жоқ» атты әдеби кешке қатысты.

Балалар мен жастардың табысты әлеуметтенуі және өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасап, туындайтын мәселелерді білім алушылардың өз бетінше шешуі үшін мектебімізде өзін-өзі басқару парламентінің сайлауы өтті. Сайлауда 87 % 8-сынып оқушысы Арғын Алишер жеңді.

Қазан айында өткізілген іс-шаралар

Қазанның бірінші аптасында «Күзгі бал» мерекесі мен «Қарттарым – асыл қазынам» атты мерекелік концерт ұйымдастырылды. Қарттарға арналған қызықты көріністер және билер, ән мен күйлер шырқалды.

Қазанның соңғы аптасында «Алтын күз» мерекесі ұйымдастырылды. Іс-шараға 1-8 сынып оқушылары топтарға бөлініп, өз өнерлерін көрсетті. Сонымен қатар шағын көрініс көрсете отырып, күзгі сән үлгісін ұсынды. Мереке соңында барлық сынып номинация бойынша марапатталды.

2022 жылдың 30 қыркүйек күні мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында «Дублер күні» өтті. Бұл күн оқушыларға дербестік, жауапкершілік, тапсырылған іске адал және шығармашылық көзқарас сияқты қасиеттерді дамытуға мүмкіндік берді. Ересектердің шешім қабылдауы жастарға әрдайым түсінікті емес, сондықтан дублер күнінің басқару және иелену тәжірибесін алуға нақты мүмкіндігі бар. Сонымен, өзін-өзі басқару-шығармашылық педагогикалық басқаруда құрылған мектептегі тәрбие үрдісінің маңызды және қажетті бөлігі. Егер өзара байланысты және дамудағы тиісті мақсаттардың, міндеттердің, қағидаттардың, мазмұндардың, нысандар мен әдістердің бірлігі қамтамасыз етілсе, тәрбие жүйесінде өзін-өзі басқару орынсыз пайда болады. Барлық қатысушылар мүдделі істе көптеген қиындықтарды білді, мұғалімнің ауыр еңбегін түсінді.

«Абайла бағдаршам» тақырыбында бастауыш сыныптарда сынып сағаты өткізілді. Оқушылар «Жаяу жүргіншілер» және «Жас инспекторлар» болып екі топқа бөліні. Әр топқа әртүрлі сұрақтар. Жол белгілерінің суреттері мен бағбалары беріліп, дұрыс жауап қайтару күткен әділ – қазы алқасы әділ баға беріп отырды. Сонымен қатар жол ережесіне байланысты әр топ бір неше кедергілерден өтті. Жеңіске «Жас инспекторлар» тобы жеңіске жетіп марапатталды.

25 қазан - «Республика күніне» орай оқушыларды өз Отанын сүйюге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт – дәстүрін қастерлейтін саналы да парасаты азаматтар тәрбиелеу мақсатында «Егемен елім менің» тақырыбында сынып сағаты өтті. Мектеп кітапханашысы Анапина С.Е «Қыран елім - Қазақстан» тақырыбында көрме ұйымдастырды.

"Патриотизм дауысы" тақырыбында жиын ұйымдастырылып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалды. Бастауыш сынып оқушылары «Менің Қазақстаным» тақырыбында суреттер салды, жоғарғы сынып оқушылары «Менің арманымдағы Қазақстан»

тақырыбында эссе жазды. Мектеп жанындағы «Балбөбек» шағын орталығында «Гүлдене бер, Қазақстан» ертеңгілігі ұйымдастырылды.

Оқушылардың адам құқығы, оның ішінде бала құқығы жөнінде түсінігін кеңейту, әрбір адам өз құқығын біліп, өзгенің құқығын бұзбауға үйрету, құқықтық тәрбие беру мақсатында «Бала құқығы – адам құқығы» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

17 қараша дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Төлеген Б.Т жоғарғы сынып оқушыларымен джамп-руп секіру жарысын ұйымдастырды.

«Әр бала зорлық-зомбылықсыз балалық шаққа құқылы!» тақырыбында 1-8-сыныптарда сынып сағаттары өтті.

7-8 сынып оқушылар арасында «Қағаз кітаптың электронды кітаптан артықшылығы» тақырыбында дебат өтті.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай, оқушыларға Тәуелсіздік қасиетті ұғым екеніне көз жеткізу, егемендігі, дамуы туралы мәлімет беріп, өз тәуелсіз елін сүйуге, қадірлеуге, отаншылдыққа, елжандылыққа тәрбиелеу мақсатында 5-8 сыныптарда «Тәуелсіздік – халық мұраты» тақырыбында тарихи сағат өтті.

«Тәуелсіз елдің - ұрпағымыз» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

29 желтоқсан күні «Қош келдің - Жаңа жыл» ертеңгілік және орта буын оқушылармен іс-шара өткізілді.

Сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігінің жұмысы жүйелі түрде құрылған.

Сынып жетекшілер әдістеме бірлестігінің жетекшісі 2022-2023 оқу жылында Айтқулова А.Қ мектеп директорының бұйрығымен бекітілді.

Сынып жетекшілерінің бірлестігінде кезекті және кезектен тыс отырыстар жоспарлы түрде өткізіліп, хаттамаға тіркеледі. Мектепте сынып жетекшілердің отырысы аға тәлімгер басшылығымен жүргізіледі.

2022 – 2023 оқу жылында 3 отырыс өткізілді. Отырыстарда 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын жүзеге асыру туралы, озат педагогикалық тәжірибені анықтап, тарату жұмыстары, сынып жетекшісі жұмысының маңызын арттыру, мектеп жанындағы интернаттың тәрбие жұмысын ұйымдастыру, 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің орындалуы, мұғалім этикасы, эстетикалық тәрбие, мектептегі үйірме жұмыстарының сапасы мәселелері қаралды. Тәрбие жұмысының жоспары және оның орындалуы, оқушылардың демалыс күндерін ұйымдастыру, өзара сынып жетекшілердің тәжірибе алмасуы, Президентіміздің кезекті жолдауын талқылау, күнделік тексеру, бірыңғай сынып сағаттармен таныстыру туралы мәселелер қаралды. Сынып жетекшілер бірлестігі сынып жетекшілеріне әдістемелік көмек көрсетеді. Сынып жетекшілердің портфолиолары талапқа сай жасақталған, оның ішінде тәрбие жұмысының жоспарлары, сынып сағаттарына талдау, қиын оқушылармен жұмыс, сынып туралы жалпы мәліметтер, сыныптың әлеуметтік паспорты, ата-аналармен жұмыс, хаттамалары, тәрбие деңгейінің мониторингісі бар. 2022-2023 оқу жылы бойынша сынып сағаттары жоспарға сай өткізілді.

Ата-аналармен жұмыс

Ата – аналармен жүргізілетін жұмыстың мақсаты мен міндеттері

1. Тәрбиеге кешенді көзқарасты жүзеге асыруды мектеп пен отбасының өзара толық түсінушілігі мен келісілген іс – қимылын қамтамасыз ету.
2. Отбасы мен мектепке ата – аналардың тәрбиелеу белсенділігін барынша дамыту.
3. Әрбір отбасында балаларды жан - жақты дамытып тәрбиелеу үшін жағдайлар жасауға жәрдемдесу.
4. Балаларды еңбекке тәрбиелеп, денесін шынықтыруда ата – аналардың белсенділігін

күшейтуде үнемі жәрдемдесу.

5. Сынып ұжымы дәстүрлерінің одан әрі дамытып, белсенділігінің өсуіне жәрдемдесу.

Оқу жылының басында әлеуметтік педагогтың зерттеулері бойынша мектептің әлеуметтік портреті жасақталады. Өзара қарым-қатынас, отбасы тәрбиесі ерекшелігі, ондағы эмоционалдық атмосфера мен тұрмыс жағдайын анықтау мақсатындағы оқушылар үйлеріне рейдтер ұйымдастырылып, акт толтырылады. Сынып жетекшілердің әрқайсысында ата-аналармен байланыс дәптері жүргізілуде. Мектепте ата-аналармен бірге жұмыс жүргізілу жолға қойылды. Ата-аналар комитеті мұғалімдермен бірлесіп жұмыс жасады. Ата-аналар комитетінің жылдық жоспары жасалып, қоғамдық жұмыстар бөлініп, сынып жетекшілерімен бірге жұмыс жүргізуде. Жалпы мектепшілік ата-аналар жұмыс жоспары құрылып, 2022-2023 оқу жылы бойынша 3 отырыс өтті. Мектептің ішкі тәртіп ережелері, қауіпсіздік шаралары, өтетін шаралар туралы ақпараттар берілді. Сыныптардағы ата-аналар жиналыстары мен жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысының хаттамалары тіркелген.

Мектептің ата-аналар жұртшылығымен біріккен іс-әрекеті

№	Оқу жылы	Жалпы мектепшілік ата-аналар комитетінің отырыстары	Ата-аналармен өткізілген іс-шаралар	Жалпы мектепшілік жиналыстар саны	Ата-аналардың жиналыстарға қатысуы
1	2022-2023	2	12	4	92 %

Бұл көрсеткіштер мектептің ата-аналар жұртшылығымен байланысының нығайғандығын дәлелдейді. Сынып және жалпы мектепшілік ата-аналар жиналыстарының хаттамалары әрбір сынып жетекші мен тәрбие ісі бойынша директор орынбасарында сақталады (жинақ материалдары бар).

Мектептің тәрбие жұмысы әр баланың жеке тұлғалық ерекшелігі отбасында қалыптасатынын есепке алмай құрылмайды. Қазіргі уақытта бала тәрбиелеу қоғамнан алшақ емес үрдіс екені белгілі.

Сынып және мектеп деңгейінде балалар мен ата-аналарды біріккен іс-әрекетке тарту оқушылардың жеке тұлғалық жағынан өсуіне жақсы мүмкіндік береді. Мектеп оқушылары бар ынталарымен, сыныптың мектептің іс-шараларына қатысады, өздерін мектептің өзін-өзі басқару жұмысында көрсетіп келеді.

Тәрбие жұмысының нәтижелілігін және тиімділігін тәрбие жұмысын ұйымдастырудың мектепшілік бақылауы арқылы анықталады.

Тәрбие жұмысына талдау 2023-2024 оқу жылы

1 қыркүйек – «Білім күніне» орай жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында білімнің басымдылығы мен маңыздылығын және жағымды көңіл-күй, оң көзқарас қалыптастыру мақсатында «МЕКТЕБІМ-МЕЙІРІМ МЕКЕНІ» атты салтанатты жиыны өтті. Алғашқы қоңырау соғу рәсімін 9-сынып оқушысы Арғын Алишер мен Сағындық Балауса соғып, салтанатты жиын аяқталды. Жиын соңында аяқталған соң оқушылар кіргізіліп, білім алушылармен бірге білімге ұмтылу, отаншылдық, еңбексүйгіштік құндылықтарының адам өміріндегі рөлін талқылау мақсатында тәрбие сағаттары өткізіліп, мұғалімдер арасында талқыланды. Оқушыларды жол ережесімен таныстыра отырып, жол қауіпсіздігін сақтаудың адам өміріндегі маңыздылығын ұғындырып, тәртіпке, сақ болуға, көшеде өздерін дұрыс ұстап жүруге

тәрбиелеу мақсатында «Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

Мектепте 25 қыркүйек пен 5-ші қазан аралығында «Қарияларым асыл қазынам» мерекелік кеш, концерт өткізілді. 1 қазан күні «Қарттар күніне» арнап шағын концерт ұйымдастырылды. Бұл күні осы мектепте бұрында жұмыс істеген, қызмет атқарған апайлар мен ағайлар мектебіміздің ардагер ұстаздары Машрова К.С, Майлюбаева А.М мектепке шақырылып, оқушылар мен мектеп мұғалімдері қарттарға өздерінің өнерлерін көрсетіп, жүрекжарды құттықтау сөздерін айтып, апа – әжелерінің шапағатына бөленді. Аяулы қарттарымыз балаларға өз тәлім, тағылымдарын айтып, өнеге етті.

5 қазан «Ұстаздар күніне» орай мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында «Дублер күні» өтті. Аталған мақсатты жүзеге асыруда мектеп оқушылары ерекше қызығушылық танытып, белсенді ат салысты. Дублёр күні оқушылар сабаққа ынтымықпен дайындалып, түрлі әдістермен тәжірибелер көрсетіп, төменгі сынып оқушыларын қызықтыра білді.

Оқушылар пән мұғалімдері мен қатар мектеп әкімшілігіне де дублер болды. Оқушылар жауапкершілікті сезініп, өздеріне жүктелген міндеттерді толығымен орындады. Бір күн дублер бола отырып, мектеп өмірінің бір күндік тыныс-тіршілігіне араласып, оқушыларымыз оң әсер алды.

25 қазан Республика күніне орай мектебімізде іс шаралар жоспары құрылды.

Мақсаты:

1. Балалардың отан, Қазақстан, туған жер туралы түсініктерін кеңейту.
2. Балаларды Отанды сүйюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған еліне деген сүйіспеншілігін аттыру.
3. Балаларды достыққа, адамгершілікке, саналылыққа тәрбиелеу.

14 қазан күні 5-9 сыныптар арасында тарих пәні Төлеген Б.Т «Қазақстан-достықтың мекені» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды.

Қатысқан оқушы: 9 оқушы

«Менің Тәуелсіз Қазақстаным» тақырыбында бастауыш сынып оқушылары суреттер салды.

17 қазан күні 5-9 сыныптар арасында қазақ тілі пәні мұғалімдері «Менің арманымдағы Қазақстан» тақырыбында эссе жазғызды

Қатысқан оқушы: 9 оқушы

«Қыран елім - Қазақстаным» мектепшілік мәнерлеп оқу оқушылар конкурсы ұйымдастырылды. Қатысқан 8 оқушы, ұйымдастырған Қазақ тілі пәні мұғалімдері және бастауыш сынып мұғалімдері.

Мектеп кітапханашысы Анапина С.Е «Тәуелсіздік - елімнің еркін жолы» атты кітап көрмесін өткізді.

25 қазан күні «Тұғыры биік тәуелсіз Қазақстан»

«Қазақстан еліне виртуалды экскурсия» атты тәрбие сағаты атты бірыңғай тәрбие сағаты өткізілді. Қатысқан оқушы: 14 оқушы.

Оқушыларды өз Отанын сүйюге, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін қастерлейтін саналы да парасаты азаматтар тәрбиелеу мақсатында «Мәңгілік жаса, қыран елім - Қазақстаным» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

19 қыркүйек күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Асылбекова А.Е «Жаңа Қазақстанда ақындар айтысының дамуы» тақырыбында 7-9 сынып оқушыларымен пікірталас ұйымдастырды.

«Мәңгілік ел және ұлы дала құндылықтары» тақырыбында Салимжанова А.Ж дөңгелек үстел өткізді.

29 қыркүйек күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ахметова Г.А «Ер есімі-ел есінде» Оразалы Досбосынұлына арналған танымдық сабақ өткізіп, жоспарын тапсырды.

Тарих пәнінің мұғалімі Төлеген Б.Т. «Тарихқа тағзым» тақырыбында 5-9 сынып оқушыларымен викториналық сайыс өткізді.

Қазақ тілі мұғалімдері 5-9 сынып оқушыларымен «Ақын болсам...» тақырында эссе байқауын ұйымдастырып, барлық талаптарды орындаған оқушылар марапатталды. Ұлттық құндылықты насихаттау мақсатында бастауыш сынып мұғалімі Мағзумова Р.Б «Ұлттық киім күні» сынып сағатын ұйымдастырды.

Мектеп кітапханашысы Анапина С.Е «Кітапті жан азық деп қанып іш...» тақырыбында кітап көрмесін ұйымдастырып, оқушыларға түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Қазақ халқының ұлттық құндылығы, шешендік өнер арқылы мәдениеттің баға жетпес мұрасы ретінде айтысты жан-жақты насихаттау, ұлттық рух пен патриотизмге, өз халқына және оның дәстүрлеріне деген құрмет сезімін тәрбиелеп, талантты шығармашылық жастарды анықтау мақсатында Республика күнін мерекелеуге арналған «Туған жерім - мақтанышым» тақырыбында ақындар айтысы өтті.

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы»

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КЕАҚ Ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2023ж 15 тамыздағы №4 хаттамасына сәйкес, ата-аналарға өзін-өзі тәрбиелеуді ұйымдастыруда көмек көрсету, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық мәдениетін арттыру, педагогикалық қолдау көрсету мақсатында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы ашылуына байланысты мектеп әкімшілігі мен педагогтеріне түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» әр аптаның бейсенбі күндері 2-4 сынып білім алушылары, 5-9 сынып білім алушылары ата-аналарына берілген тақырыпта тәжірибесі мол, шығармашыл ұстаздардың дайындығымен ата-аналар қауымына сабақ жүргізетін жұмыс тобының құрамы құрылды.

"Төрттен тоқсан-төрттен өнер" бағдарламасы аясында қазақ балаларының қатысуымен "Елім күні ұланбыз" атты Айтыс (жас ақындар сайысы) өткізілді

Қазақстан Республикасы күніне орай мектеп Парламентінің Білім министрлігі бастауыш сынып оқушыларына арналған квест-ойын ұйымдастырды, онда балалар белгіленген станцияларда тапсырмаларды орындай отырып, Отанымыздың білімін көрсетті. Жоғары сыныптарда "Ел тірегі" атты сыныптан тыс іс-шара өткізілді. Ұлы даланың жеті қыры" жобасын іске асыру аясында

"Жеткіншектің жеті жарғысы". Инстаграмның мектеп парақшасына қойылған Республика күнімен құттықтау бейнеролик дайындады, оқушылар "Әнұран айту" республикалық челленджіне, ҚР Әнұранын хор орындауына қатысты. "Қазақстан – менің жарқын болашағым" тақырыбында сынып сағаттары өтіп, "Бірліктегі жаңа Қазақстанның күші" тақырыбында суреттер мен "Қазақстанның болашағы менен

Ағымдағы жылдың қараша айының 25.11 бастап 09.12 «Зорлық зомбылыққа қарсы 16 күн» тақырыбында іс шаралар жоспары құрылып, мектеп директорымен бекітілді. Жоспар сынып жетекші, оқушыларға таныстырылды.

Мақсаты: оқушылар мен ата-аналарға зорлық зомбылықтың алдын алу мақсатында кеңінен тарату.

2023 жылы 5 – 9 сыныпта «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында мектеп оқушылары арасында психолог Анапин Б.Қ тренинг ұйымдастырды.

«ХАБАРЛАСЫҢЫЗ! КӨМЕКТЕСЕМІЗ» айдарымен оқушылармен ашық әңгіме жүргізілді. «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» халықаралық акциясының өтуіне орай оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мәлімет беру, оның түрлеріне тоқталу, мектепте білім алушылардың бір-біріне әлімжеттік көрсетуіне жол бермеу мақсатында «Қоғамдағы, отбасындағы және мектептегі зорлық-зомбылық және бейбітшілік қағидаттары» тақырыбында пікірталас өтті. Пікір алмасу барысында ең алдымен күш көрсету бұл зорлық-зомбылықтың белгілері, зорлық-зомбылықтан кейінгі баланың мінез-құлығында байқалатын

өзгерістерге тоқталып өтті. Балаларды қауіп қатерден қорғау үшін оларды сақтыққа, зейінділікке, қауіпті-жағдайлардың алдын алып үйрету қажет, ондай жағдай далада немесе үйде де болуы мүмкін екендігін түсіндіру болып табылады.

«Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» халықаралық акциясына орай «Әр бала зорлық-зомбылықсыз балалық шаққа құқылы!» тақырыбында 2-9-сыныптарда сынып сағаттары өтті.

4-15 желтоқсан аралығында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар өткізілді. Әрбір сыныпта қазақстандықтардың өскелең ұрпағына патриоттық тәрбие беру және ұлттық рухты қалыптастыру мақсатында "Ұлттық рух-Тәуелсіздік тірегі" тақырыбында сынып сағаттары өтті. Орта буын оқушыларының қатысуымен дене шынықтыру мұғалімі Төлеген Б.Т жетекшілігімен тоғызқұмалақтан турнир өтті. 5-16 ақпан аралығында Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 35 жыл толуына орай бірқатар іс-шаралар өткізілді. Негізгі мақсаттары: білім беру:

- 1979-1989 жылдардағы Ауған соғысы оқиғаларымен таныстыру.;

- жасөспірімдерді туған өлкедегі (Сандықау ауданы)ауған жауынгерлерінің есімдерімен таныстыру;

– Ауған соғысының ардагер жерлестеріне баса назар аударып, әскериестікті, мызғымас батылдық пен табандылықты көрсету.

Тәрбиелік:

- өз халқына, елдің өткеніне деген сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеу;

- ардагерлер мен интернационалист жауынгерлерге құрметпен қарау;

- жасөспірімдерде белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру. Дамыту:

- патриоттық және азаматтық сезімдерді, жанашырлықты, жанашырлықты, зорлық-зомбылықтың кез келген түріне төзбеушілікті дамыту.

"Наурызнамның" жалпы мектептік онкүндігі 2024 жылдың 14-23 наурызы аралығында өтті. 11 наурызда онкүндіктің жоспары бекітіліп, Республикалық Тұжырымдаманың ұсыныстары негізінде жасалды. Барлық іс-шаралар күннің тақырыбына сәйкес өткізілді.

13 наурыз-Көрісу күні-Құттықтау күні. Көрісу қазақ тілінен аударғанда "қуә болу" дегенді білдіреді. Бұл күні оқушылар мен мұғалімдер бір-бірін Достық құшақпен қарсы алып, ізгі тілектер айтты.

13 наурыз "Шаңырақ күні". "Отбасылық бақыттың құндылықтары" коллаждар фотобайқауы өтті.

"Ұлттық киім күні" - Ұлттық киім күні "ұлттық киімдегі мектепке" жалпымектептік акциясы өтті. Ұлттық киім болмаған жағдайда оқушылар сынып жетекшілеріне мектеп формасына шығудың жолын тауып, кем дегенде элемент - ою-өрнекті орналастыра алады, бірақ көптеген сыныптар бұл шараны елемеді. Кейбір сыныптарда акцияға тек жеке оқушылар қатысты.

14 наурыз "Ынтымақ" - бірлік күні. Қазақстан халқы мәдениеттерінің "Біз біргеміз" фестивалі өтті, онда 5-9сынып оқушылары белгілі бір этносты қатар ұсынды. Бағдарламаға ұлттық тағамдар, ұлттық киім және ұлттық мәдениет пен дәстүрге баса назар аударып отырып, шығармашылық бөлме кірді. Іс-шараны дайындауға жауапкершілікпен қарады.

26-29 сәуірде екі кезеңде әскери-патриоттық ән байқауы өтті

Оқу буындары бойынша "Жеңіс дауысы". Сынып оқушылары Ұлы Отан соғысы кезіндегі әндерді және Қазақстан туралы мемлекеттік тілде әндер орындады. Әндер хормен де, жеке де орындалды. Сынып жетекшілері балаларды байқауға өте жауапкершілікпен және жақсы

дайындады. Қазылар алқасы орындаушылық шеберлік деңгейін (мәтінді білу және интонация), әртістік, сахнада ұстай білу, сахна мәдениетін бағалады.

Қазіргі жағдайда мектепте қауіпсіздік пен терроризмге қарсы қорғауды қамтамасыз ету мәселесі өзекті болып отыр. Оны шешу терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі негізгі іс-шараларды, өмір қауіпсіздігі саласындағы білім алушылардың жалпы мәдениетін дамыту жөніндегі шараларды, табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы түрлі қауіпті және ТЖ-да қауіпсіз мінез-құлықты оқытуды біріктіретін кешенді тәсілді қолдану арқылы ғана мүмкін болады. Оқу жылының басында білім беру мекемесінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жалпы жоспар әзірленді. Бұл құжатқа еңбекті қорғау жағдайларын жақсарту, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және террористік қауіптердің көріністеріне қарсы іс-қимыл, балалардың жол-көлік жарақаттануының алдын алу жөніндегі ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар енгізілген. Мектептегі оқу жылында оқушылар көп уақытын өткізеді. Мұнда оларға білім беріледі, үзілісте балалар демалады, әртүрлі үйірмелерге және сыныптан тыс жұмыстарға барады. Мектеп өмірінде тітіркендіргіш немесе қауіпті оқиғалар болмауы үшін "Мектеп жарғысы" деп аталатын мектепшілік тәртіптің нақты ережелері жасалды. Әр сыныптағы бірінші сынып сағаты аясында бұл ережелерді оқушылар қайталайды, буклеттер түрінде олар оқушылардың ата-аналарына таратылды. Оларды бұзған жағдайда оқушылар құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесіне шақырылды, оның отырыстары бүкіл оқу жылы ішінде айына 1 рет жиілікпен тұрақты негізде өткізілді. Бұл мәселеде мектеп АІБ инспекторларымен белсенді жұмыс істеді, бірлескен іс-шаралар өткізілді, инспекторлар сынып сағаттары мен әңгімелесулерге шақырылды. "Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" республикалық акциясы аясында әр сыныпта сынып сағаттары өткізіліп, ата-аналар жиналыстары өткізілді. Орта буын оқушыларының қатысуымен "сынып ұжымындағы қарым-қатынас" сауалнамасы өткізілді.

"Ұмтылыс": үшінші құндылықты қалыптастыру бойынша тәрбие жұмысы қызығушылық, мақсаттылық және танымдық белсенділік сияқты жеке қасиеттерді қалыптастыруға, сондай-ақ оқуға, еңбекке және өзін-өзі дамытуға ұмтылуға бағытталған. Осы бағыттағы іс-шараларға қатыса отырып, оқушылар сыни және шығармашылық ойлауды, командада әрекет етуді, дұрыс қарым-қатынас орнатуды, уақыт пен өз ресурстарын тиімді жоспарлауды үйренді, физикалық белсенділіктерін дамытты. Экологиялық компонент те маңызды болды – Қоршаған ортаны таза ұстауға, туған өлкенің ерекше табиғатын қорғауға, үйлесімділікті сақтауға деген ұмтылыс.

Мектеп оқушылары парламентінің жұмысы

Оқушылардың өзін-өзі басқаруының басында мектеп президенті тұр. Парламент құрамына белгілі бір бағытта жұмыс істейтін және өз ерекшеліктеріне ие 9 министрлік кіреді. Оқу жылының басынан бастап Мектеп Парламенті бекітілген жоспарға сәйкес өз қызметін белсенді бастады, сонымен қатар жоғары тұрған органдардың ережелері түскен кезде зияткерлік және шығармашылық бағыттағы конкурстарға қатысуға дайындық жүргізілуде. Балалар өз қызметінің нәтижелерін, сондай-ақ келіп түскен ережелер мен ұсынымдарға сәйкес іс-шараларды қосымша жоспарлауды жоғары сынып оқушылары кеңесінің отырыстары шеңберінде талқылайды, олар айына 1 рет кезеңділікпен өткізіледі, хаттамамен тіркеледі. Желтоқсан айында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін мерекелеу аясында Мәдениет және білім министрлігі оқушыларға "кішкентай рөлдер жоқ, кішкентай актерлер бар" атты шығармашылық кеш ұйымдастырды. Бұл іс-шараға бастауыш, орта және аға буын сыныптары қатысып, қазақстандық жазушылардың шығармалары негізінде театрландырылған қойылымдар ұсынылды.

1 желтоқсан Дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күніне арналған тақырыптық күн аясында Мәдениет және демалыс министрлігі "би" станциясы орналасқан спорт залында "Дені сау ұрпақ" жалпы мектептік би марафоны ұйымдастырылды.

Жаңа 2024 жыл қарсаңында аталған министрліктің балалары орта және жоғары оқу орындарының оқушылары үшін мерекелік қойылымдар дайындап, өткізді, қызықты конкурстар дайындады және сыныптарға музыкалық нөмірлерді дайындауға көмектесті. Мұғалімдермен бірге бастауыш сынып оқушыларына арналған жаңа жылдық ертегі қойылымына қатысты. 2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» негізінде Даналық мектебі бойынша іс шаралар жоспары негізге алынды. Мақсаты: қазақтың дәстүрлі отбасындағы тәрбиеге ықпалды жеңгелер мектебінің жұмысын келіндердің педагогикалық мәдениетін көтеру арқылы қыз баланың тәрбиелеудің этнопедагогикалық мүмкіндіктерін пайдалану.

Міндеттері:

- жеңгенің отбасында қыз баланың қамқоры екендігін түсіндіру;
- жеңгенің отбасындағы қарым-қатынас мәдениетін сақтаушы ретінде рөлін ашу;
- қазақтың салт-дәстүрін сақтаудағы келіннің рөлін ашу арқылы қыз балаларды болашақ өмірге даярлауда тәрбие берудегі үлгісін нақты мысалдармен ашу.

Жеңгелермен қыз балалар арасында танымдық сағат өткізілді. Шараға жоғары буын оқушы қыз балалары қатысты. «Ұлтыңды сақтаймыз десең, қызыңды тәрбиеле», «Есті қыз екі елдің туын ұстайды», «Қыз баланың тілегі – тәңірден, қызыл дәннің барар жері – диірмен», «Ақылды туған қыз бала, батыр туған ұлмен тең», «Жақсы келін құрдасындай болар, жақсы ұлың сырласындай болар» т.б. Жеңгелер деген кім және оның қыз бала тәрбиесінде орны бар ма? Отбасындағы қарым-қатынас мәдениетін сақтауда жеңгенің не келіннің рөлі қаншалықты? Ұлттық, отбасылық құндылықтарды сақтап, отбасындағы салт-дәстүрді сақтаудағы ісімен үлгі бола ма? Қыз баланы болашақ өмірге даярлау мәселесі маңызды ма? Әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан өз мәдениеті бар. Ол ұлттық құндылықтарынан, отбасындағы қарым-қатынасынан, ұрпақ тәрбиесінен көрініс табады. Дүниеге бала келгеннен бастап, оны өсіру-тәрбиелеуде ертең осы ұрпағым басқа елмен туыс етеді, үйдегі берген тәрбиемізді, осы үйде көрген өнегесін басқа үйде көрсетеді деп, отбасында жақсы тағылым беруді білген. Мысалы, жаңадан келіп түскен келіннің жүріс-тұрысы арқылы шыққан жеріне баға беріледі. «Әдепті келін – ауылдың көркі», «Келінді келін демесең, жақсы болса өз қызыңдай», «Балаң жаман болса да келінің жақсы болсын» деп жататыны сондықтан. Сабағымыздың мазмұнын ашатын алғашқы сұрақ: Жеңгелер деген кім және оның қыз бала тәрбиесінде орны бар ма? Сұрақтар қойылып жауаптар берілді. Қыз балалар өз ойларын ортаға салып сыр шетті.

Мектепте 5 адамнан тұратын Қамқоршылық кеңес жоспарлы жұмыс жүргізеді, оның отырыстары тоқсанына бір рет өткізіледі, хаттамаланады. Кеңес мүшелері жалпы мектептік іс-шараларды өткізуге жәрдемдеседі, қайырымдылық акцияларына қатысады. Жаңа жылдық костюмдерді сатып алуға ерікті көмек көрсетілді.

Мектепте Отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуіне ерекше назар аударылады. Әр сыныпта тоқсанына 1 рет тақырыптық жиналыстар, жылына 2 рет (қыркүйек және мамыр) ата-аналар конференциялары өткізілді. Мектеп пен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл мақсатында балалардың үйлесімді дамуын қамтамасыз ету үшін қазан айынан бастап ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы мен "Даналық мектеп" клубы құрылып, жұмыс істейді. Өткен кезеңге арналған орталық жұмысы шеңберінде 7 сабақ өткізілді. Желтоқсан айында ата-аналардың күшімен мектеп аумағында қарлы қала салынды. Ата-аналар командалары арасында волейболдан спорттық жарыстар өткізілді. Ақпан айында ата-аналардың шығармашылық жұмыстарының көрмесі ұйымдастырылды.

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмысты алдын алу жұмысы бойынша аға тәлімгер Асылбекова А.Е 7-9 сынып оқушыларына «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық» баяндама оқылып, талданды. Оқушылар сұрақтарға жауап берді. Оқушылардың құқық бұзушылығын алдын алу, ата-аналардың құқықтық тәрбиесін арттыру мақсатында

сынып жетекшілері «Құқық бұзушылықтың алдын алу-басты міндет» сынып сағаттарын өткізді. «Қауіпсіздікке назар аудару» акциясы аясында төтенше жағдайлар министрі мен мектеп өзін-өзі басқару ұйымы «Өмір қауіпсіздігі» сабағын өткізді. Мақсаты: төтенше жағдайларда өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтап, өзін және қасындағы адамдарды қорғау, оларға қалай көмек көрсету керектігі жайлы түсініктерінің қалыптасуына мүмкіндік жасау.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу. Мектепшілік сынып жетекшілер мен аға тәлімгер биылғы жылы 2023-2024 оқу жылы бойынша 3 құндылық бойынша жоспар жасалғаны анықталды. Жұмыс жоспары тамыз айының маусым айына дейін жасалған. Сынып жетекшілер жыл бойы жоспар арқылы өз жұмыстарын орындады.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы 2024-2025 оқу жылының I тоқсан бойынша есебі

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» өзекті мәселесін басшылыққа ала отырып және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.07.2024ж. № 194 бұйрығымен енгізілген бекітілген 2024-2025 оқу жылына жылдық жоспар жасалынып бекітілді.

Бағдарламаның мақсаты:

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық,

қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне

саналы көзқарас қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары

мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;

әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

күнделікті:

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б ойындар үзіліс кезінде өткізіледі.

Сілтемесі:

«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

Сілтемесі:

«Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

Сілтемесі:

«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.

апта сайын:

«Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

Аптаның дәйексөздері – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде орналастырылды.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде 1 қыркүйек білім күні аясында «Мектебім-мейірім мекені» тақырыбы бойынша өткізілген салтанатты жиыны болып өтті. Бұл іс-шараға мектеп ұжымы, оқушылар ата-аналар және құрметті қонақтар қатысты.

Салтанатты жиынын мектеп басшысы Ахметова Гульжан Айтпаевна құттықтау сөзімен бастады, жаңа оқу жылының басталуымен барлығын құттықтап оқушыларға ілім жолында табыстар тіледі. Сонымен қатар ата-аналар да ұстаздарды, оқушыларды «Білім күні» мерекесімен құттықтап, ауылымыздың мектебін, атын тек жақсы жағынан шығарып жүре берулеріне тілектес екенін білдіріп, биылғы оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтады. Іс-шара барысында оқушылар өнер көрсетті. 9-сынып оқушылары 1-сынып оқушыларына құттықтау сөз сөйлеп, оқу құралдарын табыстады. Алғашқы қоңырау соғу рәсімі соғылып, салтанатты жиын аяқталды.

16 қыркүйек 5-9 сыныптар аралығында «Сәкен Сейфуллин-аққан жұлдыз» тақырыбында сынып сағаты өтілді.

23 қыркүйек «Еңбек түбі береке» тақырыбындағы сынып сағаты. Сынып сағатында оқушылар еңбек, оның маңызы, және еңбек арқылы табысты болудың жолдары туралы мәліметтер алды.

«Даналық ұстаздан» тақырыбында өткен челлендж ұстаздар қауымының рөлін дәріптеуге, олардың даналығын, тәжірибесін және біліктілігін насихаттауға бағытталған шара болды.

«Біздің мектеп буллингке қарсы» тақырыбында жалпы республикалық челленджге 7-9 сынып оқушылары қатысып, флешмоб ұйымдастырды. Мақсаты: қоғам назарына баланың қауіпсіздігіне, зорлық-зомбылықтан қорғана білуге, буллингтің алдын алу әрекеттеріне сана-сезімдерін қалыптастыру.

27 қыркүйек күні «Бала қауіпсіздігі-қоғам келешегі» тақырыбына ата-аналар жиналысы өтілді. Мақсаты: қазіргі қоғамды алаңдататын өзекті мәселелерінің бірі-балаларымыздың әлеуметтік желілердегі қауіпсіздігін талқылау.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 9 қыркүйек пен 23 қазан «Ақындар айтысы» іс-шаралар жоспары құрылды. 9 қыркүйек аға тәлімгер Қазымбекова Аружан «Мәдени мұраға саяхат» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Шағын орталық бүлдіршіндері «Мен домбыра туралы не білемін?» суреттер көрмесін жасады. 6-9 сыныптар аралығында «Салт дәстүр-ұлттық тәрбиенің негізі» атты іс шара өткізілді. Мектеп кітапханашысы Анапина Сабира «Ұлы даланың-ұлы есімдері» және «Өнер інжу маржандары» тақырыбында кітап көрмесін ұйымдастырды.

Ақындар айтысы жоспары бойынша, «Айтыс халық қазынасы» танымдық тәрбие сағаты өтілді. Сабақ барысында айтыстың шығу тарихы, ерекшеліктері, бейнефильм көрсету арқылы ақпарат берілді.

Мектепте 1 қазан мен 31 қазан аралығында қарттар айлығы өтілді. 3 қазан күні «Қарияларым асыл қазынам» мерекелік кеш, концерт өткізілді. Бұл күні осы мектепте бұрында жұмыс істеген, қызмет атқарған апайлар мен ағайлар мектебіміздің ардагер ұстаздары Машранова К.С, Майлюбаева А.М мектепке шақырылып, оқушылар мен мектеп мұғалімдері қарттарға өздерінің өнерлерін көрсетіп, жүрекжарды құттықтау сөздерін айтып, апа – әжелерінің шапағатына бөленді. Аяулы қарттарымыз балаларға өз тәлім, тағылымдарын айтып, өнеге етті.

Сонымен қатар, мектеп әкімшілігі қарттарды мерекелерімен құттықтап, өз тілектерін білдірді. Қарттар ризашылығын білдіріп, алғыстарын айтты. «Менің сүйікті атам мен әжем» тақырыбында мәнерлеп оқу байқауы өтілді. Қорыта айтқанда, барлық жасаған сый – сияпаттарымызға еңбек ардагерлері риза болып, алғыстарын білдірді.

3 қазан күні өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында мұғалімдер күніне орай «Дублер күні» білім алушылардың өзін-өзі басқару күні ұйымдастырылды.

"Мектеп Парламенті" мүшелері мектебіміздегі барлық сыныптардың топбасшыларымен бірлесе жоспар құра отырып, ұстаздар қауымының көңіл-күйлерін көтеріп, жүректерін нұрға толтырды. Парламент мүшелері таңертең мектеп оқушыларын қарсы алып, ұстаздардың атқаратын жұмыстарын өздері жасады.

«Еңбегі адал-жас өрен» жобасы аясында, бастауыш сынып оқушылары «Күзгі асар» қолөнер көрмесін ұйымдастырды.

14 қазан Ұлы Отан соғысына қатысушы, публицист, Халық Қаһарманы - Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай білім алушыларға танымдық сағаты өткізілді.

2024 жылдың 19 қазан күні Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында бірыңғай мектеп Парламенті президентінің сайлауы өтілді. Мектеп Парламенті президентінің үміткерлері болған 1.Камбашева Аруана 2. Дартаева Жансұлу 3. Умешова Кәусарға дауыс берілді. Дауыс беру нәтижесі бойынша жоғары басымдылықпен 9-сынып оқушысы Дартаева Жансұлу мектеп Парламентінің президенті болып сайланды.

25 қазан Республика күніне орай мектебімізде іс-шаралар жоспары құрылды.

Мақсаты: Оқушыларды Отанды сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған еліне деген сүйіспеншілігін арттыру.

21 қазан барлық сыныптарда «Республика-мақтанышым» атты сынып сағаттары өткізілді. Балбөбек шағын орталығында Республика күніне орай тәрбие сағаты өтілді. Бүлдіршіндер тақпақ айтып, рәміздерді бояды.

22 қазан мектеп кітапханасында «Менің Отаным Қазақстан» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрменің мақсаты: Қазақстанның егемендік алғаннан кейінгі қалыптасу тарихымен таныстыру, болашақта Қазақстанның дамуына өзіндік үлес қосатын тұлғалар екендігін ұғындыру, елін сүйуге, құрметтеуге, отанын қастерлеуге тәрбиелеу.

23 қазан 5-9 сыныптар арасында аға тәлімгер Казымбекова А.Н «Тарих беттерінен» тақырыбында викториналық ойын ұйымдастырды.

24 қазан «Менің Отаным Қазақстан» атты концерттік бағдарлама өткізілді. Концертте ҚР әнұраны орындалды. Музыкалық мектеп оқушылары Республика күніне орай «Өрлеу» күйін әдемі нақышпен орындап берді. Қазақ халқының ұлттық құндылығы, шешендік өнер арқылы мәдениеттің баға жетпес мұрасы ретінде айтысты жан-жақты насихаттау, өз халқына және оның дәстүрлеріне деген құрмет сезімін тәрбиелеу мақсатында «Менің Отаным Қазақстан» тақырыбында ата-аналар арасында ақындар айтысы өтті.

5-тарау. Оқу-материалдық активтер

4. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2021 жылдың 15 қаңтарында берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 2003жыл 12 мамыр. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2021 жылдың 11 ақпанда берілген. Мектептің техникалық паспорты 2022 жылы 24 маусымда жасалған. Қабат саны-1, құрылыс ауданы-661,6 ш.м., ғимараттың ауқымы-2114ш.м., жалпы алаң-536,6 ш.м., салынған жылы-1968 жыл.

Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2022 жылы турнир қойылған. Бейне бақылау мектеп дәліздері, асхана, Бу қазандағы орналасқан ғимаратта, мектеп ауласында барлығы дана камерамен бақыланып отырады. Асхана– 1 камера, бу қазандығында -1 камера бар. Жалпы – 7 камера : 2 – іштей, 3-сырттай орналастырылған.

Қауіпсіздік шаралары аясында 2 күзетші, 1 вахтер қызмет атқарады. Мектептің материалдық-техникалық базасы қанағаттанарлық. Мектептің ішкі-сыртқы санитарлық жағдайы мектеп ауласының көгалдандырылуы талапқа сай. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу пәндері кабинеттері интернет желісіне қосылған, компьютерлермен толық қамтылған .

Мектеп мұғалімдері, оқушылар және тех.қызметкерлер техника және өрт қауіпсіздік ережелерімен толық таныстырылған.

Мектеп аумағында волейбол тіректері бар және корт алаңы орналасқан.

Мектептің ішкі дәретхана саны: 1 әйелдер ,ерлер бөлмесінде: 1унитаз, 1 қол жуғыш, электркептіргіш орналасқан.

Қатты отын түрінде жылытатын қазандықтың отын шығыны - 76 тонна

Сумен жабдықтау: орталықтандырылған

Канализация: септик бар.

Оқушылар қамтамасыздандырылған: футбол алаңы бар.

Оқу үрдісінде қолданылатын компьютердің саны: 18

Оның ішінде Интернетке қосылғаны: 18

Интерактивтік жабдық: физика, химия кабинеттері бар. 6 кабинетте проекция (оның ішінде 1-комплектте(компьютер + белсенді тақта)).

Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер

Жабдықтар мен жиһаздарға, оның ішінде бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі (білім беру ұйымы бекіткен және білім басқармасы органымен келісілген түгендеу тізімдемесі).

Өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті тексеру нәтижелері туралы Акт / хат және дабыл тетігінің келісім шарты бар.

Бейнебақылау жүйесіне техникалық қызмет көрсету шарты.

Турнир келісім шарты

Барлық оқу кабинеттер саны – 8.

1. Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті- ауданы-21.9 м², 1 дербес компьютерге арналған үстелдері, 8 орындық, 4 парта, мұғалім үстелімен орындығы, бейнепроектор, интерактивті тақта, мұғалім үстелімен орындығы, жазу тақтасы, мұғалімнің шкафы, көрнекілік стендтер.

2. Химия, биология кабинеті-- ауданы -23,1 м², 1 дербес компьютерге арналған үстелдері, 8 орындық, 4 парта, мұғалім үстелімен орындығы, бейнепроектор, интерактивті тақта, қауіпсіздік ережесі, ақпараттық түсіндірме стендтерімен жабдықталған.

3. Информатика кабинеті (22,2 м²): 6 дербес компьютерге арналған үстелдері, 8 орындық, 4 парта, мұғалім үстелімен орындығы, бейнепроектор, интерактивті тақта, қауіпсіздік ережесі, ақпараттық түсіндірме стендтерімен жабдықталған.

4. Бастауыш сынып кабинеті (20.4 м²) компьютер -1, проектор. 4 парта, 8 орындық, мұғалім үстелімен орындығы, жазу тақтасымен, түсіндірмелі-ақпараттық стендтермен жабдықталған.

5 Бастауыш сынып кабинеті (20,6 м²), 1 дербес компьютер комплекті (процессор, тышқан, монитор, пернетақта+ белсенді тақта. Мұғалім үстелімен орындығы, жазу тақтасымен, 2 парта, 4 орындық, түсіндірмелі-ақпараттық стендтермен жабдықталған

6 Физика кабинеті ауданы (29,4 м²)-1 дербес компьютер комплекті (процессор, тышқан, монитор, пернетақта), 1 дербес компьютерге арналған үстелдері, 8 орындық, 4 парта, мұғалім үстелімен орындығы, бейнепроектор, интерактивті тақта, қауіпсіздік ережесі, ақпараттық түсіндірме стендтерімен жабдықталған.

7.География кабинеті 1 дербес компьютерге арналған үстелдері, 8 орындық, 4 парта, мұғалім үстелімен орындығы, бейнепроектор, интерактивті тақта, ақпараттық түсіндірме стендтерімен жабдықталған.

8Тарих кабинеті 1 дербес компьютерге арналған үстелдері, 8 орындық, 4 парта, мұғалім үстелімен орындығы, бейнепроектор, ақпараттық түсіндірме стендтерімен жабдықталған.

7. Кітапхана –ауданы (29,6м²) ,жұмыс үстелі орындығымен, шкаф- 4, стелаж-6+3 кітап сөрелер.

8. Дене шынықтырубөлмесі (92,6 м²) - 6 дана комплект шаңғы, 7 дана коньки, 1 дана волейбол добы, 1дана футбол, 1 дана баскетбол доптары, тоғызқұмалақ – 4 дана, шашки – 2 , шахмат – 2 дана, теннис үстелі – 1, 2дана теннис ракетка, теннис шары –20, төсеніш (мата) – 20.

9. Директор кабинеті ауданы (22м²), жұмыс үстелі орындығымен, мұғалім компьютері комплект-2, Елтаңба, ту, Шкаф-3, Сейф -1.

10. «Балбөбек» шағын- орталығы :

-ойын бөлмесі – ауданы – 23,3 м² –тәрбиешінің шкафы, жұмыс үстелі орындығымен, бүлдіршіндердің 2-үстел және 5- орындықтары, ковер-1, гарбероб шкафы, ойыншықтарға арналған шкаф-2,шаңсорғыш-1.

Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы.

Санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес келетін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер. Әдістемелік ұсынымдарға 11-қосымшаға сәйкес басшының қолымен және мөрімен расталған кесте қоса беріледі

Мектеп мейірбикесі – Жумағалиева Жанар Куаншбековна Атбасар қаласының медицина училищесін «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша бітірген. Мамандығы бойынша медициналық қызметті жүзеге асыру және клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификатын 2020 жылы 23 қыркүйекте алған. Сертификат 23.09.2025 жылға дейін жарамды. Тіркеу №KZ08VBM01239457, берілген күні 23.09.2020 жыл.

Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы.

Асхана- электроплита-1, тоңазытқыш-1, вытяжка-2, сужылытқыш-1, лампа бактерицидная-1,рецеркулятор-1, шкаф-1, мойки-2, асханалық үстел 3- орындығымен-15, эмальды кэстрөл(2,4,5литр) қазан, эмальды шэйнек-3, эмальды шара-3, сковорода-1.

Ас ішу зонада үстелдер, орындықтар орналастырылған. Асханада «Асыңыз дәмді болсын!» тақтасы, ақпараттық стендтер ілінген. Мектеп асханасында 1 аспазшы бар. Асхана қызметкерінің білім дәрежесін растайтын құжаттары бар. Санитарлық кітапшалары талапқа сай, медициналық тексерістен уақытылы өткен. Жұмыс барысында халат, фартук, орамал, екінші аяқ киім киеді. Ас пісіру барысында қолдарына арнайы резеңке бес саусақты қолғап киеді. Ауыстырып отыруға халат, фартук, орамалдары екі данадан бар. Ас дайындау барысында, асхана ішінде санитарлық талаптарды орындайды.

Тұрмыстық техникадан келесі тіркелді:

Тоңазытқыш (мұздатқыш камерасымен) - 1 дана, электроплита-1, ыдыс жуатын раковина -2 , су жылтқыш.

Тамақтанумен қамтылған: ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 «Білім беру объектілеріне қойылған санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018

жылғы 31 қазандағы №598 «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, көпбалалы және аз қамтылған отбасының білім алушы балаларын тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарды сатып алу» қағидаларын бекіту бұйрықтарын орындау негізінде жалпыға бірдей міндетті білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарынан 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылындары 1 сынып білім алушыларынан тегін тамақтануымен қамтамасыз етіліп отыр. 2022-2023 оқу жылында тегін ыстық тамақтану - 1 оқушы 1 сынып оқушылары. 2023-2024 оқу жылында 1-4 сыныптарда тегін ыстық тамақпен 5 оқушы қамтылды. 1-сынып - 1 оқушы, 3 сынып - 1 оқушы, 4 сынып - 3 оқушы.

6-тарау. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор.

Білім беру ұйымының ресми атауы: ««Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімі Қызыл-Қазақстан ауылының Нұрғабыл Малғаждаров атындағы негізгі орта мектебі» КММ

Почталық мекенжай: Ақмола облысы Сандықтау ауданы Қызыл Қазақстан ауылы.

1. Мектеп кітапханасының материалдық-техникалық базасы

Жалпы ауданы - 38,3 ш.м

Кітапхана – ауданы (29,6,3 м²) , 1 парта, 2 орындық, жұмыс үстелі орындығымен, шкаф - 2, стелаж - 6+3 кітап сөрелер, компьютер.

Мектеп кітапханасының кадрлары туралы мәліметтер

Кітапхана менгерушісі: 1

Кітапхана менгерушісінің білімі: жоғары

Кітапхана мамандығы: Бастауыш сынып мұғалімі.

Мектеп кітапхана менгерушісінің аты-жөні: Анапина Сабира Егинбаевна (20%).

Мектеп кітапханашының жұмыс өтілімі: 1 жыл.

Кітапхана қызметкерінің біліктілігін арттыруы: Жоқ

Кітапхананың жұмыс кестесі: 9.00-13.00.

2022-2023 оқу жылы кітапхананың негізгі кітап қоры: 2383 дана

2022-2023 оқу жылына арналған оқу әдебиеті қоры 18 дананы құрайды. Жаңа буын оқулықтары ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2022-2023 оқу жылына арналған бекітілген тізбесіне сәйкес келеді. Оның ішінде қорландыру циклі бойынша 4, 9 сыныптарда - 2019 жылғы басылымдар, 3, 6, 8 сыныптарда - 2018 жылғы басылымдар, 5-7 сыныптарда - 2017 жылғы басылымдар, 1-сыныпта - 2021 жылғы басылымдар, 2-сыныпта - 2022 жылғы басылымдар. Қорландыру циклі бойынша оқулықтар қоры әр төрт жыл сайын жаңартылып отырады. Берілген оқулықтар "оқулықтар беруді есепке алу журналында" және сыныптар бойынша оқулықтар беру ведомостарында есепке алынады.

Осы жылдар аралығында 1-9 сынып оқушыларының мектеп бойынша оқулықтармен қамтамасыз етілуі 100% құрайды.

Оқушылар оқулықтармен қамтылған

1-сынып - 2 оқушы

2 сынып - 1 оқушы

3 сынып - 1 оқушы

4 сынып - 2 оқушы

5 сынып - 2 оқушы

6 сынып - 3 оқушы

7 сынып - 1 оқушы

8 сынып - 1 оқушы

9 сынып - 3 оқушы

Кітапханада жүйелі түрде "жұмыс күнделігі" жүргізіледі, онда топтар бойынша оқырмандардың саны мен құрамы, берілген басылымдардың көлемі және оларды кітапханалық сыныптау бөлімдері бойынша бөлу туралы мәліметтер ескеріледі; күнделікке берілген оқулықтардың, әдістемелік әдебиеттердің, сапарлар мен кітап беру көлемін сипаттайтын бағандар қосымша енгізіледі.

Пайдаланушылар контингенті(жыл бойы орташа санымен):

1. Оқырмандар саны-34
2. Алушылар саны-34
3. Кітап беру саны-70

Оқу жылы	Кітап қоры	Кітап оқырмандары	Кітап алушылар	Кітап беру
2020-2021	2312	50	50	203
2021-2022	2312	41	40	198
2022-2023	2383	34	54	180
2023-2024	2582	30	30	175
2024-2025	2644	35	35	45

Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде сәйкес Білім ҒМ «Оқуға құштар мектеп» жобасын бекіткен болатын «Оқу мәдениеті-өзін өзі жетілдіру және өзін өзі тәрбиелеу дағдыларын қалыптастыру факторы» деген түйін сөз бекер айтылмайды. Оқуды дамытуда әдістемелік әдістерді жүйелі және мақсатты түрде қолданған жағдайда оқушының дербес оқуын қалыптастыруға үлес қосады «Оқуға құштар мектеп» мектеп жобасын іске асыру мақсатында Кеңес ауылының жалпы білім беретін мектебінің кітапхана жоспары бойынша оқу мәдениетін дамыту бойынша жұмыстың нысандары-топтық консультациялар, әңгімелер, мектеп кітапханасының ақпараттық жүйесі туралы дәрістер өткізіледі. Бағдарлама бойынша бастауыш сыныптармен 20 минуттық кітап оқу сағаты «Дауыстап оқу» сынып сағаттарына «Бағдаршамға назар аударыңыз!», «Қарттар күні», «Кітап және отбасы» кітап көрмесі, «Шерхан Мұртаза 90 жыл», «М.Әуезов 125 жыл», «Сырбай Мәуленов 100 жыл», «Оқу пойызы», «Жақсы кітап – жан азығы», «Туған өлкем неткен көркем», «Табиғат тіршілік нәрі», «Кел балалар оқылық», «Менің Отаным Қазақстан», «Әжемнің әңгімелері», «Үш тілде оқиық», «Кітаптардың алтын сөресі», «Ертегілер еліне саяхат», «Кітапханаға саяхат», 1-2 сыныптарға, «Әдептілік әдемілік» менің алғашқы кітаптарым сурет салу арқылы танымдық сабақ, «Жаңа кітаптар әлемі» кітаппен танысу, «Менің сүйікті журналдарым», «Кұстар - біздің досымыз », «Біз оқитын ертегілер» «Дені саудың -жаны сау», денсаулық күніне 1-9 сыныптар арасында сурет сайысы. Балалар жазушылары Б.Соқпақбаев, И.А.Қрылов, А.С.Пушкин, М.Қабанбаев, Е.Елубаев, Ө.Ақыпбекүл, Сәкен Иманасов шығармаларына және «Керек кітап», «Алдар көсе», Жәнібек пен атасы», Балаларға базарлық». Балалар жылына орай «Бақытты балалық шақ» суреттік байқау 5-10 сыныптар. Ақын-жазушылардың мерейтойларына арнайы кітап көрмесі ұйымдастырылады және өмірі мен шығармалары таныстырылады. Ай сайын бастауыш сынып оқушыларының оқулықтарына рейд жүргізіледі. Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде сәйкес «Оқуға құштар мектеп» жобасын бекіткен болатын «Оқу мәдениеті», «Бір сынып- бір кітап», «Бұл біздің тарихмыздың жолдары», «Бір ел - бір кітап» акциясы, «Бір апта-бір кітап», «Қазақстан символы», «Менің Отаным - Қазақстан», «Тіл - достықтың арқауы», «Тәуелсіз Қазақстан», «Ауғаныстан алауынан», «Салауатты өмір салты», «Табиғатты аялап бағалай білейік», «Кітап - білім бұлағы, білім өмір шырағы», «Абай - дана, Абай - дара қазақта», «Бақыт гүлін терген күн» тақырыптық сағаты өтті.

Өткізілген іс-шаралар саны:

Кітап көрмелері -10,

әңгімелер, шолулар, ақын-жазушылардың өлеңдерінен мәнерлеп оқу сайысы-4,

«Каникулда кітап оқимыз»,

презентациялар-10.

Мектепте оқу оқу сауаттылығын арттыру мәселесі 2020 жылдан бастап «100 кітап жобасы», «Оқитын мектеп оқитын ұлт» жобасы аясында шешілуде.

Жобаға сәйкес барлық пән мұғалімдері, сынып жетекшілері мен кітапханашы балалармен жұмыс істейді.

Жобаның мақсаты мен міндеттері:

- Балалардың шығармашылық және танымдық қызметі арқылы балалар кітабына деген қызығушылығын қалыптастыру.

Балаларды кітаптың шығу тегі, кітаптардың түрлері мен формаларының әр түрлілігі туралы түсіндіру. Оқушыларды кітап оқуға, көрермендік, есту зейінін, есте сақтау қабілетін, қиялын, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Кітап оқығанда жағымды эмоциялармен қызығушылықты ояту. Кітапқа деген сүйіспеншілікті арттыру. Кітаппен үнемі қарым-қатынас жасауға және оған ұқыпты қарауға тәрбиелеу. «Оқитын мектеп - оқитын ұлт» жобасы жоспар бойынша жүргізілуде. Қыркүйек айында 1-9 сынып оқушылары арасында «Тілдердің ұлылығы мен көріктілігі» кітап көрмесі дайындалды. Тілдер күніне орай «А.Байтұрсыновтың өлеңдерін мәнерлеп оқу» байқауы өтті.

Балалар жылына орай «Бақытты балалық шақ» суреттер байқауы ұйымдастырылды.

Сондай-ақ, оқушылар үшін «Біз отбасымен оқимыз» іс-шарасы өткізілді. Онда балалар ата-аналарымен қатысты. «Ертегілер әлемі» атты викторина өткізілді. Қазан айында мектеп кітапханашылары бастауыш сынып оқушыларына «Сүйікті ертегілердің кейіпкерлері» тақырыбында көрме дайындады. 5-8 сынып оқушыларымен «Менің сүйікті авторым» зияткерлік ойын өткізілді. Қараша айында оқушылар арасында «Кітап оқу – құндылықтың төресі атты кітап оқу сайысы өтті. Желтоқсан айында «Қысқы сиқыр» викториналық ойын өткіздік. Ы.Алтынсаринді еске алу үшін «Кел, балалар, оқылық» акциясы өткізілді. Сонымен қатар қысқы каникулда кітап оқимыз видео ролик жасаймыз. Ақпан айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Жырлайды жүрек» М.Мақатаевтың өлеңдерін мәнерлеп оқу сайысы, отты жылдар жаңғырығы Ауған ардагерлеріне арналады тарихи шолу дөңгелек үстел кітап көрмесі өтті.

7-тарау. Білім алушылардың білімін бағалау.

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базистік негіздерін игеруіне, оларда тұлғааралық және этносаралық қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлғаны өзін-өзі анықтауға және кәсіптік бағдарлауға, сондай-ақ білім алушылардың бейін алды даярлығына бағытталған. Білім алушылардың даярлық деңгейі "Тіл және әдебиет", "Математика және информатика", "Жаратылыстану", "Адам және қоғам", "Технология және өнер", "Дене шынықтыру" сияқты бірнеше ұқсас оқу пәндерін біріктіретін әрбір білім беру саласының ерекшелігін ескере отырып жобаланған оқытудың күтілетін нәтижелері арқылы айқындалады. Білім беру салалары (және оқу пәндері) бойынша күтілетін оқу нәтижелері негізгі орта білім берудің базалық мазмұнын айқындау үшін негіз болады. Негізгі орта білім берудің оқу бағдарламаларында білім беру салалары (және оқу пәндері) бойынша оқытудың күтілетін нәтижелері әрбір оқу пәнінің бөлімдері бойынша оқыту мақсатында нақтыланады.

Оқытудың күтілетін нәтижелерінің жүйесі білім алушылардың дамуының жеке траекторияларын құруға және оларды жалпы орта білім беру деңгейінде оқытудың ұзақ мерзімді мақсаттарына қол жеткізуге кезең-кезеңімен ілгерілетуге мүмкіндік туғызады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 05.05.2021 жылғы № 203 бұйрығының негізінде "2022-2023 оқу жылының аяқталу және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу мерзімдерін бекіту туралы" 2023-2024 оқу жылында қорытынды аттестаттау санитарлық шараларды сақтай отырып, келесі форматта өтті:

9-сынып оқушылары үшін;

- 1) қазақ тілінен жазбаша емтихан (оқыту тілі) эссе нысанында-202 жылғы 29 мамыр
- 2) математика(алгебра) бойынша жазбаша емтихан (тест) - 2024 жылғы 3 маусым.
- 3) орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, тапсырмаларды орындау) – 2024 жылғы 6 маусым

4) таңдау пәні: Ашкенова Нургуль қазақ әдебиеті, Арғын Алишер химия пәні – 2024 жылғы 10 маусым тапсырды.

2023-2024 оқу жылында 9-сынып 2 түлек оқыды. Қорытынды аттестаттауға 2018 жылғы 18 наурызындағы № 125 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру (Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) стандартының талаптарына сәйкес типтік жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игерген 2 білім алушы қатысты.

Оқушыларды қорытынды аттестаттау нәтижелері - 2022-2023 оқу жылы мектепте 9-сыныпта оқушы болмағандықтан 9-сынып та болмаған.

2023-2024 оқу жылындағы 9-сыныптардағы мемлекеттік емтихандардың қорытындысы

Пәні	Сынып	Оқушы-лар саны	«5»		«4»		«3»	
			Жылдық	Емтихан	жылдық	Емтихан	жылдық	эмтихан
Қазақ тілі	9	2	1	1	1	1		
Орыс тілі мен әдебиеті	9	2			2	2		
Математи (алгебра)	9	2	1	1	1	1		
Қазақ әдебиеті	9	1	1	1				
Химия	9	1			1	1		

Таңдау пәндері бойынша білім сапасы жыл қорытындысы бойынша білім алушылардың нәтижелеріне сәйкес келеді. Барлық оқушылар емтихандарды сәтті өткізіп, ағымдағы және қорытынды аттестаттау нәтижелерін растады.

Үй тапсырмасының көлемі (бір оқу күніне) оны орындау шығындарын ескере отырып, мыналардан аспайды: 2-сыныпта 50 минут, 3-4 сыныптарда 70 минут, 5-6 сыныптарда – 90 минут, 7-9 сыныптарда – 110 минут, 10-11(12) сыныптарда – 130 минут.

Бұл көрсеткіштерді пән мұғалімдері сақтайды және мектеп әкімшілігі электронды журнал арқылы бақылайды.

Білім алушылардың білімін бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау.

Осы талаптар шеңберінде тексерілді:

- зертханалық, практикалық жұмыстарды жүргізу кестесі.
- пәндер бойынша бөлімдер үшін жиынтық бағалау.
- пәндер бойынша тоқсанға жиынтық бағалау.
- электронды сынып журналдары.

Білім беру процесіне білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізе отырып, білім алушылардың білімін бағалау "білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығына, "үлгерімге ағымдағы бақылауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 Бұйрығына сәйкес жүргізіледі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттау"

ТЖБ және БЖБ жиынтық жұмыстарының саны үлгілік оқу бағдарламаларының талаптарымен және нұсқаулық-әдістемелік хаттың ұсынымдарымен айқындалады.

2022-2023, 2023-2024 (1-сыныпта оқушы болмаған), 2024-2025 оқу жылында 1-сыныптарда критериалды бағалау жүргізілмейді. "Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 2020.08.28 № 373 бұйрығына сәйкес бағаланбайды орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін" критериалды бағалау барлық 2-9 сыныптарда жүргізіледі. БЖБ және ТЖБ саны 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылына арналған. Бұл ретте қорытынды белгілер қою үшін жиынтық және формативті бағалау жүргізу алгоритмі сақталады.

Оқушылардың білімін формативті және жиынтық бағалау белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады. Әрбір пән бойынша жиынтық жұмыстарды жүргізу кестесі әзірленеді және бекітіледі. ТЖБ немесе БЖБ жүргізу кезінде жиынтық бағалау күніне үш пәннен артық жүргізілмейді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына №8 қосымшаның негізінде жиынтық бағалау нәтижелері талданады. Талдау нәтижелері бойынша 39% - дан аз жинаған оқушылардың тізімі жасалады және білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жою бойынша жұмыс жоспары жасалады.

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүйесі.

Мотивациясы төмен оқушылар жыл сайын ерекше бақылауда болады. Оқу жылының басында бақылау жұмыстары жүргізіледі. Қорытындысы бойынша оқыту сапасы төмен білім алушылардың тізімі жасалады және жұмыс жоспары әзірленеді.

Қысқы уақытта ауа райының қолайсыздығына байланысты және аудандық, облыстық байқауларға қатысуларына байланысты білім алушылардың біліміндегі олқылықтар анықталды. Сондықтан оқушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру және бағдарламаны жүзеге асыру үшін әр пән мұғалімі жеке жұмыс жоспарын жасады.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшем шарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №132 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар талаптары сақталды. Үй тапсырмасының уақыты әр сыныпқа белгіленген уақыттан асып кеткен жоқ.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылды. Бағалау нақты білім /ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылды. Білім алушылардың білімінің міндетті төменгі шекті көлемі мен олардың шеберлігі мен дағдылары қамтылған оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын жаңартылған бағдарламамен оқитын барлық сыныптарда білім бойынша жиынтық бағалаулар және тоқсандық жиынтық бағалаулар жүргізілгендігіне растайтын материалдар бар, жинақталған.

Тексеру кезінде бөлім, тоқсандық бойынша жиынтық бағалау алынып, тексеріліп, электронды журналға баллдары қойылған. Бағалау критерийі мен бөлім бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрикаторлар мен ата-аналардың танысқандығы жөнінде қолдары қойылған. Анализ талдаулары мен модерация хаттамалары жинақ папкаларында жасақталған. Мұғалімдердің БЖБ, ТЖБ өткізу жоспары құрылған.

Мұғалімдердің жоспарлары жасалып, сол жоспар бойынша бөлім бойынша, тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмыстары жүргізілді.

Мектепте ағымдық бағалаудың, тоқсандық және жылдық бағалардың бар болуы «Kundelik.kz» электронды журналы арқылы зерделенді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттесттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (Білім және ғылым министрінің 21.10.2020 №453) 3-тарау 12 тармағы «Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және

жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылады», 13-тармағы «Формативтік бағалау білім алушылардың оқыту мақсатына жету мониторингін жүргізу және орындалған үй жұмысымен педагогтың жазбаша түрдегі (дәптерге немесе күнделікке) немесе ауызша ұсынымдамаларының қорытындысын ескере отырып, сараланған жұмыстарды одан әрі теңестіру үшін жүргізіледі» делінген. 1-9 сыныптарда оқу процесі жаңартылған мазмұндағы үлгілі оқу бағдарламасымен жүзеге асырылады. Әр пән бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 06 сәуіріндегі №130 бұйрығы өзгерістер мен толықтыру 16 қыргүйек 2021 жылы №472 бұйрығы негізінде ұзақ мерзімді жоспар оқу бағдарламасының құрамына енгізілген және ұзақ мерзімді жоспарда күтілетін нәтижелер оқу мақсаттары түрінде нақты көрсетілген.

Күтілетін нәтижелердің (оқу мақсаттарының) тақырыптық мазмұнға сәйкес нақтылануы білім алушыларда пәндік білім мен дағдыларды нақты оқу материалы негізінде қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

4, 9 сыныптардың білім алушылар мен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және МЖМБС бекіткен тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау (білім алушылардың білік және дағды, білім сапасын бағалау ведомостыларын көшірмелері, сонымен қатар осы өлшем шарттардың 13-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер қоса беріледі.)

**8- тарау. Білім беру процесіне қатысушылардың және
басқа респонденттердің сауалнамасы.
Бастауыш, негізгі орта білім беру ұйымдары оқушыларының
сауалнамасының нәтижесі:**

Қатысушылардың сауалнамасы

№	Сұрақ	Толық келісемін	Келісемін	Келіспеймін	Толық келіспеймін
1	Мен өз мектебімде оқуға қызығамын	67 %	33 %	0%	0%
2	Менің сүйікті заттарым бар	50 %	50 %	0%	0%
3	Менің сүйікті мұғалімдерім бар	67 %	33 %	0%	0%
4	Біздің мектеп мұғалімдеріне Қиын жағдайда кеңес пен көмек сұрауға болады	67 %	33 %	0%	0%
5	Сабақта мен әрқашан өз пікірімді еркін айта аламын	50 %	50 %	0 %	0%
6	Сабақта мұғалім менің мінез-құлқымды емес, менің білімімді бағалайды.	67 %	33 %	0 %	0%
7	Мен мектепте жиі шаршаймын	0 %	0 %	100 %	0%
8	Менің мектебімде дербес және жиынтық жұмыстардың саны бір күнде екіден көп	0 %	0 %	100 %	0%
9	Мен мектепте өзімді қауіпсіз сезінемін, психологиялық тұрғыдан ыңғайлы	50 %	50 %	0 %	0 %
10	Мен тамақтану сапасына қанағаттанамын	83 %	17 %	0%	0%
11	Мен өз құқығымды білемін	83 %	17 %	0 %	0%

12	Мен келесі үйірмелерге, секцияларға, ансамбльдерге барамын	50 %	50 %	0 %	0%
13	Менде мектеп істеріне қатысуға деген ұмтылыс пен қажеттілік бар	67 %	33 %	0 %	0%
14	Менің мектебімде ол үшін пайдалы және маңызды нәрсе жасаған кезде менің жетістіктерім байқалады?	100%	0 %	0 %	0%
15	Мен өз мектебімді жақсы көремін және онда оқығанымды мақтан тұтамын	100 %	0 %	0%	0%
16	Сізге не ұнамайды және оны түзеткіңіз келеді? (Бірнеше жауап нұсқаларын көрсетуге болады, сабақтар қызықты емес, мұғалімдердің әділетсіздігі, балалар арасында қорқыту, көптеген үй тапсырмасы, мектептердің материалдық жағдайы және т. б.)				
	Қорытынды				
		100 %			

Орта (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдары оқушыларының ата-аналарының сауалнамасының нәтижесі.

№	Сұрақ	Толық келісе мін	Келісемін	Келіспеймін	Толық келіспеймін
1	Менің балам мектепке қуана барады.	29 %	71%	0%	0 %
2	Сыныпта жақсы атмосфера бар	29 %	71%	0%	0 %
3	Мектеп сапалы білім береді	0 %	100%	0%	0 %
4	Оқу пәндері менің балама оңай беріледі	0 %	100 %	0%	0 %
5	Мұғалім Біздің баланың оқуындағы жетістіктер дұрыс бағалайды	29 %	71 %	0%	0 %
6	Біздің баламыз оқу сабақтары мен үй тапсырмаларына шамадан тыс жүктелмейді	14 %	86 %	0%	0 %
7	Мектепте қолданылатын оқытудың жаңа тәсілдері біздің баламыздың қабілеттерінің көрінісі мен дамуына жағдай жасайды	29 %	71 %	0 %	0%
8	Мен баланың оқу жетістіктері мен мінез-құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанамын	29 %	71 %	0 %	0%
9	Мен мектептегі сабақтан тыс жұмыс бағдарламасына ризамын	43 %	57 %	0 %	0%
1	Мен баламның сынып жетекшісінің жұмысына қанағаттанамын	43 %	57%	0 %	0%
1	Мектепте біздің баламыз үшін пайдалы және қызықты іс-шаралар өткізіледі	43 %	57 %	0%	0 %
1	Мен мектеп асханасы\буфет жұмысымен қанағаттанамын	43 %	57 %	0%	0 %

1	Педагогтар педагогикалық этика нормаларын сақтайды	57 %	43 %	0%	0 %
1	Менің балам мектепте қауіпсіз	43 %	57 %	0 %	0%
1	Мектепте олар біздің баламыздың денсаулығына қамқорлық жасайды	29 %	71 %	0%	0 %
1	Мен мектеп әкімшілігінің жұмысына қанағаттанамын	29 %	71 %	0%	0 %
1	Мектеп өміріне қатысуға ниет бар	29%	71%	0 %	0%
1	Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектеп туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке ұсыныстар белгілегіңіз келсе осында көрсетіңіз	25%	75%	0%	0%
1	Егер сізде шағымдар болса сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментіне жүгіне аласыз				
	Қорытынды				
		100%			

Орта (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдары педагогтерінің сауалнамасының нәтижесі

№	Сұрақ	Толық келісемін	Келісемін	Келіспеймін	Толық келіспеймін
1	Мен бұл мектепте жұмыс істегенімді мақтан тұтамын.	87 %	13 %	0%	0%
2	Мен тиімді әдістемелік көмек аламын	87 %	13 %	0%	0%
3	Мен еңбек жағдайына қанағаттанамын	100 %	0 %	0%	0%
4	Мен мектеп әкімшілігінің жұмыс стиліне қанағаттанамын	100 %	0 %	0%	0%
5	Мектеп оқушылар арасындағы қақтығыстарды тоқтатады және тиімді шешеді.	87 %	13 %	0%	0%
6	Мен мектептің оқу-материалдық базасына қанағаттанамын.	75 %	25 %	0%	0 %
7	Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар.	75 %	25 %	0%	0%
8	Мен мектептегі тамақтану сапасына қанағаттанамын	87 %	13 %	0%	0%
9	Әріптестер маған көмектесуге әрқашан дайын	87 %	13 %	0%	0%

10	Мектепте оқу сабақтарын сәтті өткізу үшін барлық қажетті оқу-әдістемелік және техникалық құралдар.	62 %	38 %	0%	0%
11	Мектепте Мен үшін жағдай жасалған кәсіби және шығармашылық өсу	10%	90%	0%	0%
12	Мектепте әдістер орнатылған педагогтарды көтермелеу	0%	100%	0%	0%
13	Мен жұмыс істейтін балалар, білімге ұмтылады	75 %	25 %	0%	0%
14	Мен оқушылармен қарым-қатынасыма қанағаттанамын	60%	40%	0%	0%
15	Мен сынып жетекшісі ретіндегі жұмысыма қанағаттанамын ба?	65 %	35 %	0%	0%
16	Егер сіз жауаптардың кез келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке ұсыныстар бергіңіз келсе, мұнда көрсетіңіз.				
	Қорытынды:	100%			

9-тарау. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

Мәселелерді талдау барысында оларды шешудің оң жолдары белгіленді. Анықталған кемшіліктерді жою бойынша төмендегідей міндеттер анықталды:

1. Білім беру сапасын арттыру мақсатында орта буын білім алушыларының уәждемесін арттыру қажеттілігі.

- Зияткерлік және шығармашылық қызметтің әртүрлі салаларында дарынды балаларды анықтау және оларды дамыту және қолдау үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету.

- Дарынды және оқуға ынталы білім алушыларды психологиялық сүйемелдеуді оңтайландыру.

- Төмен ынталандырылған оқушылармен жұмыс істеу нысандары мен әдістерін жетілдіру; Осы балалармен үйлестірілген жеке жұмыс жүргізу.

- Жалпы білім беру деңгейлері арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету.

- Оқушылардың оқу мотивациясын арттыру мақсатында тиімді оқыту технологияларын зерттеу және қолдану.

- Оқушылардың білім сапасы үшін ұжымның әрбір мүшесіне жауапкершілік жүктеу.

- Пәндерді оқу процесінде оқушылардың саналы уәждемесін арттыру үшін сабақтарда қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік беретін оқушыларды оқытудың интерактивті нысандарын енгізу.

Педагогикалық кадрлармен жұмыс:

- Жаңа білім беру технологияларын меңгеру және біліктілікті арттыруды курстық қайта даярлау арқылы мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру;

- Шығармашылықпен жұмыс істейтін педагогтарды анықтау бойынша жұмысты жүйелі түрде жүргізу, жұмыс тәжірибесін жинақтау және тарату үшін жағдай жасау;

- Кәсіби шеберлік байқауларына, мұғалімдерге арналған олимпиадаларға белсенді қатысу;

- Мұғалімдерді инновациялық қызметке тарта отырып, жағдай жасай отырып, біліктілік санатын арттыруға ынталандыру.

Мектептің материалдық-техникалық базасы бойынша:

1. Материалдық-техникалық базаны жаңарту қажет. Заманауи жабдықтармен жабдықталған оқу кабинеттерінің үлесін арттыру.

2. Бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету.

10-тарау. Қорытынды мен ұсынымдарӨзін-өзі бағалау материалдарына жүргізілген талдау «Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімі Қызыл-Қазақстан ауылының Нұрғабыл Малғаждаров атындағы негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2020-2023 оқу жылдары бойынша қызметін көрсететін бөлімдер бойынша жасалды.

Бағалау критерийлеріне қосымшаларда келтірілген мектептің сандық және сапалық көрсеткіштерінің негізінде аттестаттау комиссиясының мүшелері «Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімінің Жыланды ауылының негізгі орта мектебі» КММ өзін-өзі бағалау қорытындысын шығарды:

1. Мектептің білім беру қызметі оқыту және тәрбиелеу саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге және мектептің құқығын белгілейтін құрылтай, рұқсат беру құжаттарына: білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияға және медициналық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензияға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Мектептің жұмыс оқу жоспары толық көлемде орындалады, сабақ кестесін мектеп директоры бекітеді және ата-аналар қоғамының қамқоршылық кеңесімен келісіледі.

3. Инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеруге арналған сағат саны мектептің ОЖЖ сәйкес келеді және толық көлемде орындалды.

4. Ыңғайлы және қолжетімді білім беру ортасы қамтамасыз етіледі (іс-шараларда, секцияларда, вариативтік компонент курстарымен жұмыспен қамту жоғары деңгейде).

5. Оқу-тәрбие процесінің барлық тараптары мектепшілік бақылаумен қамтылған.

6. Мектептің тәрбие қызметі оқу және тәрбие бағдарламалары, жалпы мектептік кешенді тәрбие жоспары негізінде құрылды. Оның негізі тәрбиеленушінің үйлесімді дамуына, интеллектуалды, рухани және жеке қасиеттерін ашуға ықпал ететін бағыттар болды. Тәрбие жұмысының барлық аспектілері оқушыларға өздерінің шығармашылық қабілеттерін жарқын және ерекше көрсетуге мүмкіндік берді.

7. Ақпараттық-кітапханалық қамтамасыз ету жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады. Кітапхананың оқу қоры жаңа буын оқулықтарының түсуіне байланысты ұлғаюда. Оқушылар оқу және энциклопедиялық әдебиеттермен қамтамасыз етілген.

8. Үйірме жұмысын және факультативтік жұмысты жеткілікті дәрежеде қамту.

9. Білім деңгейін арттыру мақсатында оқушылардың білім сапасына тұрақты негізде талдау және мониторинг жүргізіледі.

Алынған мәліметтер бойынша мектептің өзін-өзі бағалау нәтижелері ұсынылатын білім беру қызметтерінің МЖМБС жалпы талаптарына сәйкестігін растайды.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін ескере отырып (7,8,9,10,11,12,13-қосымшалар) мектеп қызметінің барлық бағыттары бойынша жүргізілген жұмысты талдау негізінде сараптама комиссиясы келесі қорытынды жасайды:

«Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімі Қызыл-Қазақстан ауылының Нұрғабыл Малғаждаров атындағы негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бағаланатын кезеңде мектептің жұмысы «жақсы» бағасына сәйкес келеді.

Ахметова Гульжан Айтпаевна, комиссия төрайымы

Асылбекова Айсұлу Ержановна, комиссия мүшесі

Анапин Бекежан Кайрбаевич, комиссия мүшесі

Казымбекова Аружан Нуржановна, комиссия мүшесі

Мағзумова Раушан Бурамбаевна, комиссия мүшесі

Салимжанова Асель Жанадиловна, комиссия мүшесі